Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

19 | МАМЫР СЕЙСЕНБІ | 2015 жыл №71 (18959) | ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ | www.syrboyi.kz

СОЛ ЖАҒАЛАУ ЖАҚЫНДАП КЕЛЕДІ

Төрткүл әлемдегі бірқатар мемлекеттердің астаналары өзеннің екі бетін ала орналасқан. Мәселен, жаңа қала Париж – Сена өзенінің, тұманды Альбионның астанасы Лондон – Темза өзенінің қос жағалауына орын тепсе, асқақ рухты Астанамыз Есіл өзенінің екі жағалауынан бой түзеуде. Осы ару қала Астанаға қарап бой түзеп келе жатқан шаһарлардың бірі – Қызылода ірге көтергелі өзеннің оң жағалауында дамыды. Енді жаңа қоныс Сырдың сол жағында өсіп-өркендейтін болады.

Дария үстінен салынып жатқан автомобиль көпірінің қадасы осыдан 8 ай бұрын қағылды. Сонан бері мұнда құрылыс жұмыстары қызу жүріп жатыр. Ал сол жағалауды игеру ісі осы көпір берілген соң басталады.

Иә, мұндағы бос аумақты игеру үшін алдымен өзеннің қала тұсынан көпір салу керек-ті. Айта кетейік, Сырдария өзені арқылы өтетін көпір Бас жоспар аясында салынуда. Оның құрылыс-монтаж жұмыстарын елімізге ғана емес, шет елдерге де танымал мекеме – «МО-25» ЖШС жүргізуде. Жобаға 2014 жылы республикалық бюджеттен 1 млрд, облыстық бюджеттен 100 млн теңге бөлінді. Мердігер компания былтыр бөлінген қаржыны толық игеріп, тиісті жұмыс көлемін орындап шықты. Мамандардың айтуынша, көпір 9 тіреуіштен (опорадан) тұрады. Нақты кезеңде сол жағалаудан 1, 2, 3 және 4 тіреуіштердің скважиналары (барлығы 96 скважина) бұрғыланып, олар арматуралар арқылы бетондалып болды. Ал, оң жағалаудағы 9-шы тіреуіштен 16 скважина, 8-ші тіреуіштен 24 скважина бұрғыланып, бетондалған. Көпір құрылысын жалғастыру үшін осы жылы ел қазынасынан 625 млн теңге, жергілікті бюджеттен 62,5 млн теңге және бөлініп, 1 сәуірге дейін оның 160 млн теңгесі игеріліпті. Бүгінде оң жағалауда 9-шы тіреуішті бұрғылау және бетондау жұмыстары толығымен біткен. Ал, 8-ші тіреуішті бетондау жұмыстары таяу күндері аяқталады.

Көпірдің ұзындығы – 386,82 метр, ені 22,4 метрді құрайды. Ал, көпір өткелінің жалпы ұзындығы – 2141,19 метр. Оның автокөлік жүретін бөлігі 3,5 метрден 4 жолақты жол болады және екі жағынан жаяу жүргінші жолы (тротуар) түседі. Жалпы, күрделі нысанның салыну мерзімі – 26 ай. Алайда, тәжірибелі құрылысшылар оны мерзімінен бұрын салып бітіреміз деп отыр.

Сыр жұртшылығы көптен күткен көпірдің қада қағу рәсіміне аймақ басшысы қатысып, «Бүгінгі күнді өзеннің сол жағалауында жаңа қаланың құрылысы басталатын тарихи сәт деп санауымыз қажет» деген болатын.

Мұнда мемлекеттік бағдарлама бойынша көпқабатты тұрғын үйлер салына бастайды. Әлеуметтік-әкімшілік, өндірістік нысандар, мәдени және бизнес орталықтарын салу да қаралған. Айта кетейік, қаланың сәулеттік келбетіне шығыс сәулетінің элементтері кеңінен қолданылады. Сонымен қатар қос жағалау абаттандырылып, тыныңу аллеялары, бульварлар мен жасыл аймақтар, жаяу жүргіншілер мен велосипедке арналған арнайы жолдар салынбақшы. Жалпы, заманауи талаптарға сай ірге көтеретін жаңа қоныста келешекте 150 мыңнан астам халық тұрады деп болжануда.

Сонымен, аумағы 2300 гектарды құрайтын сол жағалау алқабын жоспарлы игеру жұмыстары басталмақшы. Бұл – Сырдың сол жағынан да жаңа қала салынып, өсіп-өркендейтін күн алыс емес деген сөз. Қала дамуының 2025 жылға дейінгі бас жоспарын жобалаушы мердігер «Урбостиль» ЖШС директоры Л.Нысанбаева екі ғасырлық тарихы бар шежірелі шаһардың бұған дейін тек Сырдарияның оң жағалауын бойлай салынғанын, өзен жағасында орналасқан қаланың сәулеттік келбетін дамытуға Сырдария сияқты ірі су артериясының мол мүмкіндігін пайдалану ісі қолға алынбағанын айтқан-ды. Иә, қаламыздың қақ іргесінен өтетін айдынды өзеннің тартымдылығын кәдеге асыра алмағанымыз рас. Сырдың бас қаласы – Қызылорда ендігі жерде осы жоспар аясында дамып, ірі өзеннің жайлы микроклиматын, табиғи әсем көрінісі мен тартымдылығын тиімді пайдаланатын боламыз. Яғни, қолданыстағы бас жоспар бойынша мұнан былай өзен Қызылорда қаласының сәулетіне сән беретін болады.

Сөз соңында жобаның жалпы құны 5,9 млрд теңге екенін, қомақты қаражаттың Сырдағы халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсартуға бағытталып отырғанын айрықша атап өткен жөн.

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.



БАСТАУЫШ ПАРТИЯ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ САРАЛАНДЫ

Қорқыт ата атындағы Студенттер сарайында «Нұр Отан» партиясы Қызылорда қалалық филиалына біріккен бастауыш партия ұйымдарының төрағалары мен мүшелері арасында «Бастауыш ұйым бағдары» тақырыбында семинар-кеңес болып өтті.

Семинарды «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Наурызбай Байқадамов ашып, партияның 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасының қабылданғанын, электронды партия шеңберінде партия мүшелерінің бірыңғай автоматты түрде жаңартылған мәліметтер базасының құрылғанын баса айтты. Сонымен бірге, бастауыш партия ұйымдарының басты мақсат-міндеттеріне де тоқталып өтті.

Партияның ұйымдық негізін бастауыш партия ұйымдары құрайды. Ұйымның негізгі міндеті – халық арасында партияның негізгі мақсаты мен міндеттерін түсіндіру бағытында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, партия мүшелерінің Партия Жарғысында көрсетілген талаптарды бұлжытпай орындауын қамтамасыз ету. Сондай-ақ, партиялық құрылымдардың барлық мүмкіндіктері мен бастамаларын тек орталықта ғана емес жергілікті жерлерде, яғни, әрбір қала мен аудандарда жүзеге асыруға жұмылдыруы тиіс.

Мұнан соң сөз алған «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының бөлім меңгерушісі Алтынбек Жарылқасынов «Партиялық жобалар – бастауыш ұйым бедері» тақырыбында хабарлама жасап, партияның жүзеге асырып жатқан негізгі 12 жобасымен таныстырды. Ал, «Халық бастауыш партия» ұйымы төрайымының орынбасары Айнаш Нұрманова бастауыш партия ұйымдарының бүгінгі тыныс-тіршілігін сөз етті.

Партияның аймақтағы қадамын байыптаған жиында ҚР Президенті сайлауында белсенділік танытқан партия мүшелеріне облыстық партия филиалының төрағасы, облыс әкімі Қ.Көшербаевтың алғыс хаты берілсе, партия қатарына қабылданғандарға жаңа үлгідегі куәлік табысталды.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

АРДАГЕРЛЕР – ЖҮЛДЕГЕРЛЕР

Жуырда Астана қаласында Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай "Қайран ерлер, қаһарман ардагерлер" атты көркемөнерпаз ардагерлер шығармашылығының республикалық байқау-фестивалі болып өткен-ді.

– Байқаудағы 5 номинация бойынша сырбойылық 6 ардагер қатысып, жүлделі орындарды иеленді,– деді өнерлі ардагерлерді басқарып барған облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Күләй Ермағанбетова. – Қуанышымызда шек жоқ. Барған ардагерлердің бәрі де жүлделі орындарды иеленіп, абырой биігінен көрінді.

Шындығында бас қалаға ат арытып барған ардагерлердің бәрінің де мерейі үстем, қанжығасы майлы. Мәселен, Қармақшы ауданы Ақай ауылының ақсақалы Дәрікұл Махамбетов Жүсіп Қыдыровтың "Батыр ескерткіші алдында" өлеңін оқып, көркемсөз оқушылар арасында I орынды иеленсе, қызылордалық Бибіажар Абдуллаева Асқар Тоқмағанбетовтың "Сүйген жарға" әнін орындап, жүлделі II орынға көтерілді. Ал жалағаштық биші Роза Боранбаева "Шашу" биін орындап, екінші орынды еншілесе, қармақшылық Бидас Рүстембеков жауынгер ақын Әбзәли Егізбаевтың "Майданнан хат" термесін орындап, үшінші орынның жүлдесін иеленді.

Байқау-фестивальға қатысушыларды тамсандырғандардың қатарында сырбойылық қолөнер шеберлері болды. Олардың әрқайсысы көрермен назарына онға тарта туындыларын ұсынды. Шиелілік Зилиха Календарова Кеңес Одағының қос батыры – Әлия мен Мәншүктің, халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының, Абылайханның бейнесін және Тәуелсіздік ескерткішін ши бетінде өрнектеп, көрерменді бір таңдантты. Ал сырдариялық шебер Жәнібек Маханбетов ағаштан ойып жасаған "От шашуымен" және Ұлы Жеңістің 70 жылдығын бейнелейтін түрлі экспонаттарымен көрермен көзайымына айналды.

Көркемөнерпаз ардагерлердің қатысуымен өткен республикалық байқауда Қызылорда облыстық ардагерлер кеңесі жүлделі II орынды иеленді. Ал Хайрулла Әбенов жетекшілік ететін Сырдария аудандық және Жақсылық Қыпшақбайұлы басқаратын Қармақшы ауданы Ақай ауылдық ардагерлер кеңестері еліміз бойынша жеңімпаз деп танылып, "Ардагерлер ұйымы" республикалық қоғамдық бірлестігі орталық кеңесінің арнайы дипломымен марапатталды.

Фестивальға қатысқан сырбойылық ардагерлердің мерейі асып, елге абыройлы оралды.

Жұмагүл ОРАЛБАЕВА.

СЫРЛЫ БОЯУ СЫРЛАРЫ

18 мамыр – Халықаралық музей күні. Осыған орай көркемсурет галереясында елімізге танымал суретші, ҚР Суретшілер одағының мүшесі Оразбек Есенбаевтың «Шаңырақ» атты жеке көрмесі болып өтті. Оған өңіріміздің танымал өнер иелері, жастар мен қала тұрғындары қатысты.

Оразбек Есенбаев Жалағаш ауданы, Мәдениет ауылында 1960 жылы дүниеге келген. Алматы қаласындағы Н. В. Гоголь атындағы Көркемсурет училищесін және Т.Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясын тәмамдаған. Алғашқы еңбек жолын Сыр елінің көркемсурет-өндірістік шеберханасында бастаған. Қазірде «Сымбат» академиясында жастарды сырлы бояу сырына баулып жүрген суретшінің жеткен жетістіктері аз емес. Оның еңбектері музей және жеке коллекционерлер қорларында сақтаулы тұр.

Көрмеге қылқалам шеберінің 30-дан астам туындысы қойылды. "Шаңырақты" тамашалағандар суретшінің туындыларымен танысып, жақсы әсер алды. Тағылымы мол көрме келушілердің көңілінен шықты.

Сара АДАЙБАЕВА.

● МӘЖІЛІС

МЕКТЕП БІТІРУШІЛЕР АЛҒАН БІЛІМІМЕН, БОЛАШАҚ ЖОСПАРЫМЕН МАҚТАНУЫ КЕРЕК

«Мектеп – оқушы есінде ақша жинау орны емес, болашаққа жолдама беретін білім ордасы ретінде есінде қалуы керек. Соңғы қоңырау бәсекеге толы сән жәрмеңкесіне, қауіп-қатерге толы автокөлік жарыстарына, беймезгіл уақыттағы құқық бұзушылық ошағына айналмауы керек. 25 мамыр күні ұйымдастырылатын «Соңғы қоңыраудың», мектеп бітіру кештерінің жоғары деңгейде өтуіне бәріміз жауаптымыз», – деді облыс әкімі Қырымбек Көшербаев облыс әкімдігінің мәжілісінде.

Расында, оқу жылының соңғы күніндегі салтанатты сәт бәріміздің есімізде. Балалық шақ туралы сағынышқа толы естеліктеріміздің бір парасы осы күнмен байланысты. Биыл облыс мектептерін бітіретін 6452 түлектің де «Соңғы қоңырауды» асыға күтіп жүргені белгілі.

Соңғы жылдары үлкен өмірдің алғашқы баспалдағына қадам басатын күн қымбат көліктер ағылған автошерумен, қымбат мейрамханалардағы астатөк кештермен, қоғамдық



орындарда болған тәртіпсіздіктермен есте қалуда. Облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Ғ.Жарқынбаевтың айтуынша, әр жылдары жүргізілген зерттеулер нәтижесі бітіруші түлектен орта есеппен 40-45 мың теңге жиналатынын анықтады. Негізінен жиналған қаражат мектеп әкімшілігіне, сынып жетекшілеріне сый-құрмет көрсетуге, естелік суретке, мейрамханада ұйымдастырылатын кешке жұмсалады. Бұған автошеруге шығуға көлік жалдау ақысын, киім сатып алуға кеткен қаражатты қосқанда, әрбір ата-ана орта есеппен 70 мың теңгеге шығындалады. Жиналатын қаржы кейбір отбасылар үшін қиындық туғызады. Бұл жастар арасындағы әлеуметтік теңсіздіктің туындауына себеп болып жатады.

Ата-ана үшін баласының қатарынан қалмағаны маңызды. Алайда бұл құбылыс әлдеқашан бәсекеге айналып, оқушылар мен олардың ата-анасы арасында өзекті мәселелер туындатып отыр. Осы орайда бітіруші түлектердің психологиялық көңіл-күйіне, суицидалдық мінез-құлыққа бейімділігіне, қоғамдық қауіпсіздікке, бітірушілердің жеке басының қауіпсіздігіне жіті мән берілуі керек. Бұрынғы жылдары жас түлектер шеруге шыққан көліктің қаналға түсіп кетуі, қала ортасында көлік жарысының ұйымдастырылуы орын алған еді.

Бұл келеңсіздіктің орын алуына алдымен ата-аналар себепкер болып отыр. Баласына тоқтау салмауы, сыныптастардың барлығының мүмкіндіктері сарапқа салынбауы осы проблемаға ұрындыруда.

Мектептерде түлектердің және ата-аналардың қатысуымен жиналыстар өткізу, мінез-құлқы қиын, тұрмысы төмен отбасынан шыққан, сынама тестен төмен балл алған оқушыларды арнайы бақылау керек. Ол үшін мектеп психологтары барлық оқушылардың әлеуметтік желілердегі парақшаларын, уатсапп желісіне тіркелген нөмірлерін жинақтап, статус жазбаларына сараптама жүргізуі тиіс. Мектеп бітіруші жастардың су жағалауларында таң шапағын қарсы алу дәстүрі бар. Осы ретте сол аймақтарда тиісті органдар қауіпсіздік шараларын қабылдануы керек.

– Балаларымыздың үлкен өмірге алғаш қадам басқан күнінде көңілге қаяу түсіретін жағдайлар орын алмауы қадағалауда болсын. Балалар ең алдымен, он жыл бойы алған білімімен, болашаққа жасаған жоспарымен мақтануы керек, – деді облыс басшысы осы мәселеге қатысты сөз қорытындысында. Сонымен қатар автошеру ұйымдастыруға қатаң түрде тыйым салып, облыстық ішкі істер басқармасына тапсырма берді.

Біздің облыста Ұлттық бірыңғай тестілеу 2-6 маусым аралығында өтеді. Мектеп бітірушілерге аттестат тапсыру кеші 20 маусымға белгіленген.

Әкімдік мәжілісінде бұдан өзге 31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күнін ұйымдастыру, баспасөзге жазылу мәселесі талқыланды. Оған қоса мәжілісте облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы М.Бәйімбетов облыс аумағында қаралақ қоғамдық көліктердің қатынастарын ұйымдастырудың барысын, жыл басында ғана құрылған облыстық ветеринарлық бақылау басқармасының басшысы Е.Апетов сала жұмысының бағыты мен атқарған жұмыстары туралы айтып берді.

Суға шомылу маусымы жақындаған сайын қауіпсіздік шаралары туралы ескертулер мен түсіндірме жұмыстары жүргізілетіні белгілі. Облыс бойынша төтенше жағдайлар департаменті басшысының міндетін атқарушы М.Келесовтің айтуынша, өткен жылы судан қаза болғандардың саны 31 адамға жеткен, оның 8-і балалар. Жыл басынан 8 адам қаза болған.

Мәжіліс қорытындысында қаралған мәселелерге қатысты тиісті шешімдер қабылданды.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

Сыр бойы

газетіне 2015 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүріп жатыр

Басылымның алты айға жазылу бағасы: жекелер үшін – 2750, мекемелер үшін – 3750, редакциядан тікелей жаздырып алатындар үшін – 2500 теңге. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ филиалында жүргізіледі.

ҰЛТ ЖОСПАРЫНЫҢ – ҰЛЫ МІНДЕТІ

ИНСТИТУТТЫҚ РЕФОРМАЛАР – ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУҒА ЖОЛ

Елімізде өткен Президенттік сайлау Тәуелсіз Қазақстан тарихында айрықша орнымен қалатыны айқын. Азаматтардың дауыс беруге 95 пайыздан астамы белсенділікпен қатысып, соның 97,5 пайызы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа өз дауысын берді. Осы арқылы қазақстандықтар барлығымыз үшін тарихи шешім қабылдар сәтте нағыз ұлттық бірлігіміз бен ынтымағымызды дәлелдеді. Н.Ә.Назарбаев пен Қазақстанның бүгінгі таңдағы жетістіктері – еліміздегі атқарылып жатқан экономикалық және саяси ұланғайыр істер; қазақстандық қоғамның үздіксіз өркендеуі; халықтың тұрмыс-жағдайының тұрақты өсуі. Қазақстан деген ортақ үйіміздің ішіндегі тыныштық пен береке, болашақтағы еліміздің гүлденуі мен әрқайсысымыздың өсіп-өнуге деген үміттеріміздің бәрі Елбасының атымен байланысты.

Азаматтарымыздың Президент Н.Ә.Назарбаевқа жоғары деңгейде сенім артып, нағыз Елбасының абыройын асқақтатып отырғаны сондықтан. Отанымыздағы бірлік пен ынтымақ және де бүгінгі Президентіміздің халықаралық аренадағы ғаламдық бастамалары мен сарабдал саясаты, ұстамды стратегиясының арқасында еліміз Орталық Азия аймағындағы көшбасшы болып отыр. Күннен күнге абыройы асқақтап, Қазақстан атауы мен Елбасы атауы егіз ұғымға айналды. XXI ғасырдың ғаламдық талаптарына сай «Нұрлы Жол» Жаңа Экономикалық Саясатын ұсынғаны, сайлауалды платформасындағы бес институттық реформасы – Елбасының еліміздің одан әрі өркендеуі үшін жасап отырған қамқорлығы. Алдымен, әлемдік экономикалық дағдарысқа қарсы шара ретінде индустрияландырудың екінші бесжылдық шеңберінде еліміздің инфрақұрылымын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы болып табылады. Екіншіден, сот жүйесі мен мемлекеттік қызмет жүйесін жан-жақты реформалау, кең көлемде орта тап құру, қазақстандықтардың тұрмыс жағдайын жақсарту, «Мәңгілік Ел» құндылықтары мен басқа да басым мақсаттармен қамтамасыз ету. 26 сәуір күнгі дауыс беру нәтижесі Қазақстан халқы осы жоғары мақсаттарға ұмтылыста екендігін дәлелдеді. Қазақстан Республикасының Президенті лауазымына кірісу рәсімінде Н.Назарбаев осы халық берген мандат арқылы «Мен реформаларды жүзеге асыру үшін өзімнің барлық ерік-жігерімді, шешімділігімді көрсетіп, мемлекеттік аппаратты қоғамның күш-жігерін реформаларды орындауға жұмылдыру ниетіндемін», деді. «Ел Президенті жанынан Жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссия құрылды. Оның миссиясы – 5 реформаны кезең-кезеңімен жүзеге асыруды басқару және мемлекеттік органдардың, бизнес-секторы мен азаматтық қоғамның іс-қимылын үйлестіру. Ұлттық комиссия жанында құрамында беделді шетелдік және қазақстандық сарапшылар бар Халықаралық консультативтік кеңес жұмыс істейтін болады. Бұл ең үздік халықаралық тәжірибені пайдалануға жағдай жасайды. Комиссияның бірінші отырысында мен бес реформа бойынша біздің не істегелі жатқанымызды түсіндіретін «Мемлекеттік құрылыстың одан арғы 100 нақты қадамы» атты Ұлт жоспарын ұсынамын. «100 қадам» – бұл біздің жаһандық және ішкі сынқатерлерге, сонымен бір мезгілде, жаңа тарихи жағдайларда 30 дамыған мемлекеттің қатарына ену жөніндегі жоспарымыз. Реформаларды жүзеге асыру – алда тұрған 10-15 жылға бірінші кезекті жалпыұлттық міндет», – деді Н.Назарбаев. Осы жаңа мақсаттарға қазақстандықтардың жете алатынына сенім бар. Президент ұсынған «Қазақстан-2030» Стратегиясы діттеген жеріне жетіп, біз экономикасы дамыған 50 елдің қатарына еніп, халқының орта кірісі бар ел болып отырмыз. Ғаламдық экономикалық дағдарыстардың қиын жағдайында дағдарысқа қарсы жоспарлау мен басқаруға қолданған тиімді тәжірибеміз бар. Елімізде қазірдің өзінде XXI ғасыр стандарттары мен талаптарына сәйкестендірілген өндіріс пен әлеуметтік-еңбек қатынастарының жаңа моделі жұмыс істеп жатыр. Индустрияландыру картасы шеңберінде алғашқы бесжылдық жұмысының кейбір нәтижесі бойынша бағасы 3 триллиондық 770 жоба іске асырылып, нәтижесінде 75 мың тұрақты жұмыс орны ашылды. Сонымен бірге, өткен жылы 600 миллиардтық 150 жоба жүзеге асырылып, 12 мың тұрақты жұмыс орны құрылды. Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын жүзеге асыру жылдары өңдеу өнеркәсібіне басты өзгерістер енгізілді. Оның өсімі бойынша Қазақстан Кеден одағы елдері арасында көш бастады. Осы 5 жылдың ішінде өңдеу секторында тәуелсіздік алғалы бергі жылдардан 2,9 есе көп тікелей шетел инвестициясы тартылған. Экспортқа шығарылатын тауарлар тізімі 38%-ға, Қазақстан экономикасындағы қуат сыйымдылық 18,6%-ға төмендесе, өңдеу өндірісіндегі еңбек өнімділігі 1,6%-ға өскен. Халықаралық сарапшылардың пікірлерінше, Қазақстанда инновациялық дамудың нағыз серпілісі болды. Өңдеу өнеркәсібінің ауқымы өсіп, тиісті көрсеткіштер бойынша өндіру саласынан артып отырғаны шындығында мақтанышымызды туғызады. Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын іске асыру жобалары нәтижесінде инфрақұрылымдық база ұлғайып, машина құрылысы өндірісінің жаңа түрлері – автокөліктер, локомотив пен жүк теміржол вагондары, ауылшаруашылық машиналары, күн батареялары, тағы да басқалар пайда болды.

Сатып алынатын қазақстандық тауар көлемі ұлғайып, жұмысы мен қызметі де өсіп келеді. Мысалы, тек өткен жылы ғана осы үлес мұнай-газ секторында жалпы 3,86 триллионның 1,7 триллионын құрады. «Қазақстанда жасалғанды сатып ал» патриоттық үндеуі тек қарапайым азаматтарға ғана емес, өндіріс орындарына да арналған. Біз сол бағытта жүйелі түрде жұмыс жасап, ұлттық компаниялармен және аймақтардың әкімшілігі арқылы ірі тауар өндірісшілермен тиісті меморандумдар жасадамыз. Жоғарыда аталғандар жетістіктердің шегі емес. Қазақстанның машина жасаушылары индустрияландырудың алдағы бесжылдығында өндіріс көлемін екі есеге арттырып, өнім көрсеткішін 2 триллионға жеткізуді мақсат етуде. Алдымызда 2015-2019 жылдарға арналған Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы шеңберінде атқарылатын көп істер тұр. Біздің ойымызша, өндіру саласы еңбек өнімі мен белсенділіктің дәйім өсуінің және еліміз экономикасының жетекші күшіне айналуға тиісті. Мемлекет басшысы машина жасау саласын индустрияландырудың жүрегі мен ұстыны деп бағалап, айрықша жауапкершілік жүктеді. Индустрияландырудың жүрек соғысы – еліміздің экономикалық жетістігін құрайтын маңызды бір сала. Сондықтан Қазақстан машина жасаушылары өздерінің бар білімі мен тәжірибелерін Мемлекет басшысының «Мемлекеттік құрылыстың одан арғы 100 нақты қадамы» атты Ұлт жоспарындағы бағдарламалар мен бәсекелестікті жүзеге асыруға жұмсайды. Біз Елбасы, Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевқа қазақстандықтардың жан-жүректерімен қолдауына, шынайы халықтық бағаға ие болуына қосыла отырып осындай жауап береміз.

Мейрам ПІШЕМБАЕВ,
Парламент Мәжілісінің депутаты,
Қазақстан Машина жасау одағының төрағасы, экономика ғылымдарының докторы.

МАҚСАТЫ МЕН МАҢЫЗЫ АЙҚЫН

Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында еңсерген әлеуметтік-экономикалық, саяси және әкімшілік реформаларының жалғасы іспетті Елбасы ұсынған реформалардың да маңызы зор.

Кәсіби және автономды мемлекеттік аппаратты қалыптастыру көптеген түйінді мәселелерді шешеді. Экономикалық бағдарламаларды тиімді жүзеге асырудан бастап, сапалы мемлекеттік қызметтер ұсынатын мемлекеттік аппарат құрудың маңызы уақыт өткен сайын артып келеді.

Осы уақытқа дейін атқарылған жұмыстар, әсіресе, «А» және «Б» корпустарының түзілуі, мемлекеттік қызметтің отандық моделінің қалыптасуы бұл саланың бір орында тұрмағанын айғақтайды. Елбасы сыбайлас жемқорлықты туындататын, кадрлық әлеуетті төмендететін бірнеше факторларды атап өтті.

Мемлекеттік қызметшілер корпусын кәсіби және автономды етудің алғышарттары айқындалды. Қандай да бір саяси оқиға, министрлердің, әкімдердің және басқа басшылардың ауысуы әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің жұмысына ықпал етпеуі тиіс. Мемлекеттік қызметте басшы қызметіне тағайындалған адам барлық басқарушылық сатылардан өтуі керек. Басшы өзі басқарған саланың қыр-сырын егжей-тегжейлі білу үшін оған қатысты қызметтердің ең төменгі сатысынан бастап өрлеуі құптаулы.

Елбасы ұсынған 5 институционалды реформаның маңызды тармағы болған кәсіби мемлекеттік қызметшілер корпусын құру бастамасы мемқызметшілерге жалақы төлеудің жаңа жүйесін енгізуді көздейді. Жалақы мемлекеттік қызметкердің еңбек өнімділігіне, басқарушылық үдеріске қосқан үлесіне байланысты төленбек.

Мемлекеттік қызметке үміткерлерді іздеуде жаңа арналарды ашу, оларды аттестациядан өткізу реформаның әу бастағы көздеген мақсатына жеткізері сөзсіз.

М.НАЯТҰЛЫ.
Қармақшы аудандық мәслихатының хатшысы.

● БРИФИНГ

ҰБТ-да БАЛЛ ДА, БАҒА ДА ЕСЕПТЕЛЕДІ

«Сыр медиа» ЖШС жанындағы коммуникациялар орталығында Қызылорда облысының Білім саласын бақылау департаментінің директоры Мейрамбек Шермағанбетов брифинг өткізіп, онда жыл басынан бері жүргізілген мемлекеттік шаралардың қорытындысы туралы айтып өтті.

Оның мәлімдеуінше, жыл басынан департамент тарапынан 42 білім беру мекемесіне аттестатциялау жұмыстарын жүргізу барысында 13 білім ошағының жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарын бұзғандығы анықталған. Сонымен қатар, төрт техникалық және кәсіптік білім беру мекемелеріне жоспарлы тексеру жұмыстары жүргізіліп, бірқатар кемшіліктер анықталған.

– Биылғы жылы 6-16 сәуір аралығында өткен оқу жетістіктерін сырттай бағалау жұмыстары барысында облыс мектептеріндегі тоғызыншы сынып оқушыларының 20 пайызы қамтылды. 49 білім беру ұйымында үш лекте оқу жетістіктерін сырттай бағалау қағаз түрінде өткізіліп, нәтижесінде орташа балл 32,1-ді көрсетті,– деді департамент директоры.

Сонымен бірге Мейрамбек Шермағанбетов ҰБТ-ның биылғы ерекшеліктері туралы да айтып өтті. Атап айтқанда, биыл ҰБТ аяқталған соң тақтаға бұрынғыдай тестке қатысушының аты-жөні емес, оның ЖСН-і және алған балы ілінеді. Түлек сондай-ақ, ЖСН және ТЖК кендіру арқылы ұлттық тестілеу орталығының сайтынан өз нәтижесін біле алады. Оған қоса, министрлік әр ҰБТ өткізу пунктіне металл іздегіштердің, ұялы байланыс сигналдарын тұншықтырғыш құралдардың және бейне тіркеуіштердің үздіксіз және сапалы жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қосымша бір техникалық маманнан жібереді. Ең бастысы, биыл балл да, баға да есептеледі. Яғни, жалпы орта білім беру туралы аттестатқа бітірушінің ҰБТ-да алған бағасы мен меткептегі жылдық қорытынды бағасының орташа арифметикалық бағасы қойылатын болады.

– Мысалы, егер оқушы 11-12 жыл бойы жақсы оқып, ҰБТ-дан «3» алса, онда аттестаттағы «4» деген баға қойылады. Ал «5»-ке оқып, тестілеуден «4» алса, орташа арифметикалық бағасы 4,5-ті құрап, дөңгелектеніп «5» деген баға қойылады. Яғни, оқушының пайдасына қарай көбейтіледі, – дейді департамент директоры.

Айнұр БАТТАЛОВА.

ХАЛЫҚҚА МОБИЛЬДІК ТОП ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДЕ

Елбасы жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртудың бір бөлігі мемлекеттік қызмет көрсету жүйесі екенін, ол еліміздің дамуының бір басым бағыты болып табылатынын ерекше атап көрсетеді.

Осының негізінде бүгінде елімізде біршама игілікті істер атқарылуда. Соның бірі – ағымдағы жылдың басынан бері қолға алынып отырған еліміздің шалғай жатқан ауылдарына мобильдік топ негізінде мемлекеттік қызмет көрсету. Бұл игі шара біздің облысымызда өз деңгейінде атқарылып, халықтың ерекше ықыласына бөленуде.

Яғни, ЗТМО мамандары елді мекендерді аралап, мемлекеттік қызметтер тізіліміне енгізілген төлемдерді тағайындауға берілген құжаттарды тексеру мен құжаттардың толық топтамасы болған кезде құжат көшірмелерін түпнұсқалармен салыстырып, өтініштерді тіркеуде. Сонымен бірге, өтінішті қабылдау туралы белгі және мемлекеттік қызметті алу күні көрсетілген жыртпалы талон беруді, электрондық іс макетін қалыптастыруды, сондай-ақ, консультациялық қызмет ұсынуды жүзеге асыруда.

Бүгінгі күнге дейін мобильдік топ 41 сапарға шығып, 24 шалғай ауылға қызмет көрсеткен. Қызмет көрсету барысында 249 азамат қабылданып, оның ішінде 108 адамға өтініштеріне сәйкес төлем қалыптастырылып, сәуір-мамыр айларының қажеттілігіне қосылса, 141 адамға зейнетақы, жәрдемақы төлемдері бойынша кеңес беріліп, жеке куәлік, еңбек кітапшасы, табыс және мұрағат анықтамасы тексерілген.

Мысалы, тек Арал ауданы бойынша әлеуметтік төлем алушылар саны 14640 адам болса, оның 876-сы Жақсықылыш ауылының тұрғыны. (Оның 359-ы зейнеткер, мүгедектігіне байланысты алушы – 159, асыраушысынан айрылуына байланысты мемлекеттік әлеуметтік төлем алушы – 81, бір жасқа дейінгі бала күтіміне байланысты жәрдемақы алушы – 93, арнайы мемлекеттік жәрдемақы алушы – 378, оның ішінде көпбалалы отбасы – 184). Қазіргі сәтте топ мамандары оларды қажетті ақпараттармен қамтамасыз етіп, азаматтардың өтінішіне қарай құжаттар қабылдап, әлеуметтік төлемдер қалыптастыруды жүзеге асыруда. Мұндай жақсы бастамаға ауыл тұрғындары дән риза.

У.ОСПАНОВА,
ЗТМО Қызылорда облыстық филиалы бойынша мобильдік топ қызметіне жауапты қызметкер.

● МАЛШЫЛАР СЛЕТІ ҚАРСАҢЫНДА

«ӘСЕТ» ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫ

Атакәсіппен айналысушы ауыл тұрғындарына мемлекеттік деңгейде қолдау көрсетуші «Сыбаға» бағдарламасы мал басының өсіп, оның өнімдерінің де молаюына игі әсерін тигізіп келе жатқандығы айқын байқалады. Әрине, қай іске де әрекет етпей, берекет келмейтіні түсінікті. Сондықтан да мемлекеттік маңызы бар бағдарлама аясында белгілі бір табысқа қол жеткізу үшін әуелі оның түпкі мақсатын зерделе ұстай отырып, ұқыптылық пен экономикалық алғашқы сауаттылық, яғни есеп, сосын шаруаны дұрыс ұйымдастыра білу секілді қабілеттер қажет етіледі. Шаруаның жайымен сонау қиырға шығандамай, яғни, артық шығынға жол бермей, ауыл шетінде отырып-ақ, аталмыш бағдарлама шарапатымен малына мал қосылып, басына бас қосылып, шаруасы дөңгелене жайрандап жүргендер бар. Еңбекпен келген нан қашан да тәтті ғой шіркін, атакәсіптің шалғайынан ұстағандар берекелі дастарханымен елге танымал болып жатса, бейнетпен белі бекіген балалары да жаңа заман жаңалығынан қалыс қалмай, білімге де жол салып, қабілетіне қарай қызметке де араласа бастады. «Бейнеттің зейнеті» дегенде осындай елеулеліктерді алдымен ауызға алсақ, қисынсыз емес.

Сәрсембек Ранов – білімі мен тәжірибесін нарық заңдылықтарына сай ұштастыра білген азаматтың бірі. Байырғы кеңес шаруашылығының белді маманы, белгілі мөлшерде айлық алып, міндеттелген тапсырмасын орындап жүре беруге қалыптасқанымен қоғамдық өзгерістерді тереңінен сезінді. Елде тоқырау басталып, барлық нәрсе таптыы бола бастаған кезде орта жастағы жігіт тез серпілді. Жаңа заманның талабына сай, базарлы қатынасқа қойды да кетті, әрине ол кездегі сауда талабы, «ал да сат, қой да сат» секілді тым қарабайырлау еді. Дегенде, бұрынғы жоспарлы экономиканың нанын жегендерге мұны да көру қажет екендігін кейінгі уақыт дәлелдеп берді, сондықтан күн жүріп, түн қатқан сол бір алашапқын кездеріне Сәрсембек еш өкінбейді, өйткені жер көрді, ел таныды, сауданың құйтырысына да бой үйретті, ақшаны тапқанның ғана жұмсауы керектігіне алдымен өзінің көзін жеткізді. Аздаған малдың басын қосып, шаруаға бет бұрды. Сүтін сауды, майын өткізді, батыс облыстарға қатынап, мал тасыды, оларын бордақылауға қойып, бір бас малды екі басқа жеткізген де осы Сәрсембек. Бұл сонау тоқсаныншы жылдардың соңы еді.

Қазір Шиелі ауданының Ақмая ауылындағы оның ұйымдастырған «Әсет» шаруа қожалығында 217 ірі қара малы болса, оларының арасында ет бағытындағы мал да, сұрыпы жақсы деп танылған өз қаржысына сатып алынған 57 бас қашарлары да бар. Мал басын асылдандыру тұрғысындағы 5 асыл тұқымды қазақтың ақбас бұқасы да жеке күтімде тұр. Бір мезгіл жайылымға



шығарылып, қора басында да талапқа сай жемі берілетін жануарлар бір жаздың өзінде қаншама салмақ қосып шығады. «Мал баққанға бітеді» дейді мұндайда халқымыз, күтімі жақсы, сондықтан оның пайдасы да жетерлік.

– «Сыбаға» бағдарламасы өзінің өміршеңдігін көрсетті. Мал ұстаған қауымға шарапаты мол, – дейді шаруа қожалығының төрағасы, шаруақор жігіт ағасы С.Ранов өз әңгімесінде. Ол өткен жылы мемлекеттік «Құлан» бағдарламасы арқылы 64 бас жылқы сатып алса, қазір мұндағы қылқұйрықтының басы тоқсаннан асты. Субсидция арқылы шаруашылық малын жемшөппен қамтамасыз етуі де қарастырылған. Осы тиімділікті жете меңгере отырып, аталмыш шаруа қожалығы мал басын өсірумен бірге, оның өнімділігін де жолға қойды десек, жаңылыспаймыз. Мәселен, биылғы жылдың алты айында түрлі мекемелерге 36,2 тонна ет тапсырса, бұл ақшаға шаққанда 3 млн 527 мың теңге қаржыны құрайды екен.

Президентіміздің негізгі тапсырмасының бірі – тұрғындарды жұмыспен қамту еді ғой, бұл орайда Рановтың басшылығындағы шаруа қожалығында ондақты адам нәпақа айырып, уақытылы жалақымен қамтамасыз етіліп келеді. Онда қарындасы Мейрамкүл, бауыры Жасұлан осы шаруаның басы-қасында жүрсе, малды жайылымға шығару, қора басындағы күтіммен де ауылдас азаматтар шұғылданады. «Бал ұстаған бармағын жалайды» демекші, алдында мал болған соң, май-сүті алдында, еті арзан, басқа да игіліктері оларды қанағаттандырады.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Шиелі ауданы.

МЕДИА САЛАДАҒЫ ҮЗДІК МЕНЕДЖЕРЛЕР

Медиа саласы әлемде болып жатқан оқиғаларды таратушы болып қана қоймай, көп жағдайда оның жекелеген елдерде қалай өрістеп отырғанын айқындайтын жетекшілік негізі бар күшке айналып отыр. Бұл өз кезегінде мемлекеттік аппараттағы медиа сала менеджерлеріне үлкен жауапкершілік жүктейді. Мемлекеттік саясаттың ақпарат айдынындағы алар үлесі осы менеджерлерге байланысты.

Жуырда «Саясат» порталы мемлекеттік саясаттың ақпараттық-саяси трендін айқындап, жүзеге асыруда үздік деп танылған он менеджердің тізімін жария етті. Олардың қатарында Қызылорда облысы әкімінің баспасөз хатшысы Бекзат Жүсіп те бар. Үздік ондықты анықтағандар Бекзат Жүсіптің жастығына қарамай мемлекеттік аппарат пен медиа жұмысын үйлестірудегі тәжірибесі мен әріптестері арасындағы беделін ерекше атап өткен.

ҚАРАҚҰМ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ ТАРИХИ ШЫНДЫҒЫ

динение Казахстана к России в 30-х годах XVIII в. –Алма-Ата: АН ССР, 1948г -132 б.].

Елді азат ету үшін жүргізілетін шайқастардың жоспары нақтылағаннан кейін қазақтар ең алдымен қалмақтарға шабуыл жасады. Қазақ әскерлері қысқа мерзімде оларды қырып салды және Еділ өзенінің арғы бетіне қуып шығарды. Қалмақтардың шабуылын тоқтатып болған соң, Цеван-Рабтан бастаған жоңғар қолына тойтарыс беріп, жоңғар жасағын кері қарай қуып тастайды. 1711-1712 жылдары қазақтардың өздері қалмақтардың иеліктеріне басып кірді. Олар қалмақтардың шекаралас қалғанға дейін бір-бірін қорғау, барлық күш қайратын жинау үшін кеңесуге жиналған. Осы жиында жауға қарсы күресуге шақырған Бөкенбай батыр сөзіне барлығы рухтанып, оның айтқандарын орындауға және жауға біріккен майдан құрып аттануға ант берісті. Осы антты растау үшін өз қолдарын өздері кесіп қанатып, ортада жанып жатқан отқа тамызды. Бұндай жоралғы аяқталғаннан кейін ақбоз атты құрбандыққа шалды. Олар осы арқылы одақтың беріктігін көрсеткісі келді. Хан әулетінің үлкен ұлы Әбілқайыр сұлтанды Орда басшысы, ал Бөкенбайды өздерінің қолбасшысы

XVIII ғасырдың басында қазақ жеріне жан-жақтан жау анталап, ел басына ауыр күн туды. Жоңғарлар, қалмақтар Сібір мен Жайық қазақтары және башқұрттар жиі-жиі шапқыншылық жасап, қазақтардың ауылдарын қиратып, адамдарын тұтқындап елді азып-тоздырды. 1708-1709 жылдары жоңғар-қалмақтардың кезекті ірі шабуылы басталып, қазақ жері солардың қол астына өте бастады. Ұлы жүздің жерін түгел басып алып, Орта жүздің бір бөлігі осы жоңғарлардың қолында болды. Батыстан қалмақ әскерлері қазақ жеріне шабуыл жасап, Жайық пен Жем аралығы осылардың иелігіне айналды. Мұндай жойқын жорыққа қарсы күрес ұйымдастыру үшін қазақ халқының хандары, сұлтандары, билері мен батырлары жиналып, 1710 жылы Арал өңірінің Қарақұм жерінің «Құлжұмыр-Қасқатөбе» басында құрылтай өткізді. Бүкіл қазақ халқының басы бірігуіне, яғни құрылтайдың өтуіне Тәуке хан ықпал жасайды. Қарақұмдағы жиында ұрыс қимылдарының жоспарын жасау және бытыраңқы қазақ жасақтарын біріктіру мәселесі талқыланды. Қазақ жасақтарының бас қолбасшысы Тәуке ханның өзі болуға тиіс болатын. Алайда, ханның жасы келгендіктен құрылтайда табын Бөкенбай батыр жоңғарларға тойтарыс беру үшін, барлық қазақ әскерін бір қол астына біріктіру ұсынысын білдіреді. Осы жиында беделді рубасылар мен билері біріккен жалпы қазақ жасақтарының қолбасшысы ретінде сайлады. Қазақ қолын жауға қарсы Бөкенбай мен Әбілқайыр бастап шыққан.

Құрылтайда талқыланған тағы да маңызды мәселенің бірі Кіші жүзге хан сайлау болатын. Әбілқайыр сұлтан орыс-қазақ отрядтары мен қалмақтардан қазақ елін жаудан қорғаған ерліктерімен, шабуылдарды ұйымдастыра біліумен аты шығып, Тәуке ханның өзі Әбілқайырды Кіші жүзге хан етіп сайлады. Әбілқайырдың хан болуы, Қарақұм құрылтайында болды деген дәйек бар. «Что на народном съезде в Кара-Кумах в 1710 году, собравшемся во время борьбы с Джунгарией, был избран старшиной в семействе ханском Абулхайр ханом, а Букенбай предводителем». В этих указаниях наиболее вероятен тот факт, что избрание Абулхаира произошло еще в годы Тауке. Это вызвано было, с одной стороны, требованиями внешнеполитической обстановки, а с другой, – определившимся еще в годы Тауке процессом политического обособления Младшего жуза и усилением в нем младшего султанского рода Осека. Но точная дата избрания Абулхаира остается пока не установленной»[Аполлова Н.Г.Присоединение Казахстана к России в 30-х годах XVIII в. –Алма-Ата: АН ССР, 1948г -132 б.].

көштерінің көбісін талқандап, қырғынға ұшыратты. 1713 жылы қазақ жеріне екінші рет ірі шабуыл жасауға бекінген жоңғар-қалмақтар бұл жолы да жеңіліс тапты. Әскер Жоңғарияға көп шығынмен оралды. 1714 жылы Жоңғарияға барған қытай елшілері, олардың қазақтарға қарсы сәтсіз соғыстары қалмақтарды соншалықты жүдетіп жібергендерін көрсеткен.

Тарихи басқосудың орны Арал теңізінің солтүстік бөлігінде Қарақұмда өтуі және осы аймақты мекендейтін Қаракесек (Әлімұлы) тайпасының жері болғандықтан, кейде Қаракесек жиыны деп те атайды. Қазақ халқының есінде Қарақұм немесе Қаркесек құрылтайы деп екі атаумен қалған. Қарақұм құрылтайының тарихта болғандығын растайтын деректер баршылық. XVIII ғасырдағы оқиғалары жөнінде терең зерттеген тарихшы Н.Г.Аполлова "Жоңғарлардың шапқыншылығы күшті болғаны сондай 1710 жылы Қарақұмда қазақ жүздерінің ірі халық жиналысы шақырылып, бұл жоңғарларға қарсы күресте ең үлкен оқиға ретінде қалды. Осы кезден бастап, жауға қарсы күрестегі қазақ батырларының рөлі маңызды болып, басым түскен жиыны болды", дейді.

1803 жылы Бұқарға аттандырылған Ресей елшілік керуенінің басшысы поручик Яков Петрович Гавердовский(1770-1812) қазақ даласы арқылы сапар шегіп, жолжөнекей жинаған мәліметтер негізінде («Обозрение Киргиз-кайсацкой степи») естелік-жазба қалдырған. Күз айларында Арал маңында болып, 1710 жылғы Қарақұм жиыны туралы Кіші жүздің Әлімұлы бірлестігінің ақсақалдарынан жазып алған. Сол оқиға қатысқан адамдардың балалары мен немерелері, ата-бабаларының көрсеткен ерліктерін әңгімелеп айтып берген. «Қартайған шалдар, – деп жазады Я.П.Гавердовский, – биік қорғандарды көрсете отырып, «Бұл жерде еркіндік үшін шайқас даласында қаза тапқан батырларымызбен, шапқыншылардың қолынан қаза тапқан тұтас ауылдар жерленген. Бірақ бұндай қатығездікке қарамастан, үстіне сауыт-сайман асынған біздің бабаларымыз, туған жерінде нық тұрып жауларын соғыс алаңдарында жеңе білген. Шайқас кезінде олар қызыл бура сияқты, жаудың әскеріне шүйілігіп, қашқан жаудың жолын өлікке толтырған». [Ерофеева И.Абулхаир: полководец правитель и политик. 1999г.– 106 б.].

1710 жылы Қарақұм құмдарында орналасқан рубасылардың арасынан шыққан ақсақалдары мен билері қасық қандары ретінде сайлады. Бұл одаққа Кіші жүзден Әлімұлы, Байұлы, Жетіру руларының көп бөлігі, Ал Орта жүзден қыпшақтар мен наймандардың бірнеше рулары қосылды. [История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. Первые историко-этнографические описания казахских земель. 2007. –393-394]. Белгілі тарихшы Ирина Ерофеева өзінің үлкен зерттеу еңбегінде Қарақұмдағы өткен жиындағы деректерді Я.П. Гавердовскийдің тарихи қолжазбасынан алдым деп сілтемесін келтіреді.

Я.П. Гавердовскийдің қазақ географиясы мен тарихы туралы қолжазбасындағы, Қарақұм құрылтайы туралы мына бір деректі өз қалпында беруді жөн көріп отырмыз: По свидетельству казахских аксакалов, принятие на этом съезде единодушного решения противостоять совместными усилиями более сильному врагу происходило в чрезвычайно сложной и драматичной морально-психологической обстановке и далось его участникам в немалой степени под мощным давлением батыров. «После нескольких выступлений представителей так называемой пораженческой партии, предлагавшей просить «милосердия» джунгарского хунтайджи или же спасаться бегством, слово взял известный по храбрости старшина рода табын поколения жетыру Младшего жуза, батыр Богенбай. Народное предание гласит, что Богенбай среди жаркого спора разорвал на себе одежду и, повергнув в круг совета меч, говорил в исступлении: «Отомстим врагам нашим, умрем с оружием, не будем слабыми зрителями разграбленных кочевок и плененных наших детей! Робели ли когда воины равнин кипчакских? Сия брада еще не украсилась сединой, как я багрил руки свои в крови неприятеля! Еще нет недостатка в добрых конях! Еще не опустел колчан со стрелами острыми!». [Гавердовский Я.П. обозрение киргиз-кайсацкой степи // РО ИРИ РАН. кол. 115. № 495. Л. 52 об.].

Сонымен, тарихи деректер жоңғар-қазақ соғыстары кезінде Қарақұм құрылтайында сөз сөйлеп елді рухтандырып, қолбасшылыққа тағайындалған табын Бөкенбай батыр болғанын айтады. Кейбір зерттеуші ағаларымыздың ағаттығынан тарих оқулықтарында және көптеген әдебиеттерде, 1710 жылғы Қарақұмдағы құрылтайда қолбасшылыққа қанжығалы Бөгенбай сайланды деп жаңсақ жазып келді. Оқиға туралы тарихи деректерде бұрмаланды. Наполеон «тарихты жасайтын біздер, ал бұрмалайтын тарихшылар», – деген екен. Міне, сондықтан да тарихи шындықтан ауытқымай деректерді түгелге жуық қамтып, оларды ой елегінен өткізіп дұрысын жазу – нағыз тарихшының міндеті.

Қазақ хандығының нығаю жолындағы Қарақұм құрылтайынан кейін, қазақтардың жеңісіне жол ашты. Тамыры тым әріде жатқан шайқас, бейнелеп айтқанда, қасиетті жерге тағзым етіп баратындай ескерткіш орнатылды.

Иә, биылғы жылы иісі қазақ үшін ұлық мереке Қазақ хандығының құрылғанына 550 жылдық мерейтойын тойлағалы отырмыз. Мерейтой Қарақұм құрылтайының 305 жылдығымен де түстұспа келіп отыр. Тарихи сабақтастығы, тағылымы мол айтулы даталарды жадымыздан шығармай ел болып еңсесін көтерейік, ағайын!

Дәулет ЕСЕНОВ,
«Болашақ» университеті тарих факультетінің 3-курс студенті.

Біз оқыған күміс қоңыраулы №114 мектеп қазіргі Жалағаш ауданына қарасты Жалағаш совхозының (жаңаша Далдабай ауылы болып аталады) төрінде орналасты. Ғибратты ұстаздардан тәрбие алдық, ол кезде ұстаздардың теріс қылығын көрмедік. Сөз қозғаса ізгілікті өмір, өнегелі тәрбие жайын қозғайтын. Олар бізді өнерге де, өмірге де қызықтырып өсірді.

Мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен Жеңісбек Досмаханұлы сабақ берді. Ол кісі бізді «Қазақ әдебиеті» атты мұхитқа еркін жүздіртті Талай тарлан ұстаздардан білім алдық Қодар Ағыбаев, Орынбек Бөрібаев, Шермағанбет Нұрмаханов, Хамар Жақыпов, Ұлданай Тоқпанбетова, Жұмакүл Әлназарова, Әбілхан Ералиев, Раушан Берманова, Уайс Хайдаров, Зинел Пірімжанов, Әбілхан Дүйсебаев, ағайынды Боранкүл мен Несібелі апайларым.

Ардақтылардың бірі шоқтығы биік, өзі көркем, нағыз зиялы ұстаз, Мазбаева Салиха апай туралы қалай толғанбасқа...

Жаным апайым-ау! Жүзі жылы, үнемі жүзінен парасат пен жылылық шуағы есіп тұратын, ерекше мейіріммен жүретін, ізгі жан еді. Нағыз мәдениетті, сөйлегенде даусының өзгеше ерекшелігі болатын. Дауысы құлаққа жағымды үнмен, ерекше ырғақпен тербелетін, жұмсақ үні шәкірт құлағына құстың даусындай естілетін.

Біз тұратын ауыл "Жалағаш" совхозы мал шаруашылығымен айналысатын. 1969 жылы ауылға совхоздың директоры болып Ықылас Самұратұлы ағамыз тағайындалды. Ықылас ағаның қызметіне байланысты Самұратовтар отбасы елге қоныс аударды. Ықылас ағаның өмірлік жары Салиха апай Қызылордадағы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институттан біздің мектебімізге ауысып, математика пәні мұғалімі және директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарды.

Мектептегі айтулы кештер, би кештері салтанатпен өтетін. Мектеп сол тұста үлкен ауыл мәдениетінің ошағы еді. Би кешінің аяғында Ықылас Самұратұлы ағамыз да келіп, сүйікті жары Салихасын биге шақырып, қол ұстасып вальс билейтін. Барлық ұстаздар да билейтін. Олар ерекше жұп болды. Бойлары биік, әсем тұлғалы, мүсіндей бір-біріне жарасып тұратын. Шәкірт қауым көздің қиығымен сүйсініп қана қарап қоятынбыз. Сонда олар жап-жас екен ғой.

Менің туған ауылым мал шаруашылығымен айналысатын. Іргелі ел болды, шаруашылығы аса күрделі және ауыр болды. Ол ауылда 50 мыңнан астам қой, оған қоса сиыр, түйе малы болды. Олар совхоздың төрт фермасына бөлінген. Басы Қарақұмда, аяғы Сырда жайылған мал ең даланы жайлап жататын. Елдегі шаруашылығымыз егінмен де айналысты, бақша дақылдары, мал азығына жүгері егу, оны қысқы сүрлем азыққа даярлау үшін қамбаға бастыру міндеті, толып жатқан тіршілік көзі. Ең бастысы сол кезде кеңестік дәуірде «50 миллион ел даулеті» деген, мал басын 50 миллионға жеткізу үшін үлкен стратегиялық жоспар тұрды. Бұл өмірдің бір жауапты науқан кезең еді. Ең қызығы, совхозымыздан «Әр 100 саулықтан 120-130-дан төл алынды», деп ақпар беріліп жататын. Осындай қызу еңбектің басында елде өз кезегінде Ықылас Самұратұлы ағамыз тұрды. Ақылымен айбар болған, сабырлы, екі сөйлемейтін, бұлақ суындай таза, асыл азамат осындай халқына қамқор болды, іргелі шаруашылықты басқарды.

Көктемде елде адам қалмай Қарақұмға үдере көшіп, мал қыстан шығып жайлауға бет алады, жолшыбай төлдеп, қозы көгенделеді, олардың отбасы үдере көшіп қырға қонады. Осы тұста ауыл басшылары совхоз конторының алдына жиналып, биік каналдың басына шығып азаматтарға тапсырма беріп, еңбекші қолды көлікке отырғызып аттандыратын. Қырға шығатын әр фермадағы қыстауда жайланған малшыларға көмекші қол осылай жететін. Оның бәрі жай өзі бола салмайды ғой, суыт киінген Ықылас ағамыздың үні қатқылдау шығып тапсырма беріп, көшті аттандырып, өздері үдере еріп көш соңынан кететін.

Мен мектепте де, оны бітірген соң да тапсырмамен ауылдағы қызу еңбекке араласып бастауыш комсомол комитетінің секретары болып қызмет атқарып, елдегі қызу еңбекпен біте қайнап, бірге өстім...

Ықылас ағамыз халқының аузында, аулымыздың тарихында қалған, айтулы азамат. Біздің елдің мамыражай халқы

ЕЛІНЕ ЕҢБЕГІМЕН ЕЛЕУЛІ ЕДІ

мәдениетті, тату-тәтті өмір кешті. Ауыл орталығында жазғы және қысқы мәдениет клубы, он жылдық мектеп, интернатымен, үш сауда орталығы болды, үлкен кітапхана, орталық қонақ үйі, тиіптік моншасы және аурухана, дәріханасы, үлкен техникалық құралдарымен, машина және тракторлары сақадай сай орталық гараж, совхоз қоймасы болды. Совхоз орталығында үлкен шалқыған жеміс бағы тұрды.

Осындай іргелі елді мекенді қалдырып, көрші Қаракеткен станциясынан совхоздың орталығын жаңадан қайта құрып, жасақтап, өркендетті ел басшылары.

Бұл игі іске сол тұста қолдау көрсеткен Жалағаш аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы марқұм Сұлтан Аманов еді. Идеяны ұсынып, жоспарын жасаған совхоздың директоры Самұратов Ықылас пен совхоздың партия комитетінің хатшысы Ысқақов Махамбетжан болатын. Ол жаңа келген елді мекенде жалғыз ғана мекеме үш елді аймақ қарайтын Ауылдық совет қана, азғантай саусақпен санарлық тұрғын үй және клуб болды. Ең мықтысы және қажеті тоғыз жолдың торабы теміржолдың болғаны. Бұрын дүркіреген шаруасы бар, «Игілік» балық колхозы болған, кезінде жиырмадан енді асқан Махамбетжан сол колхоздың басқарған екен. Қараөзектің теміржолға ұрып жататын суы тартылып, колхоз тарап, ел жаңа жұрт болғанда, осылай елдің екі азаматы бұл елдің бағын жандырды.

Жаңа типтегі халыққа қажет барлық мекемелер салынды. Мектеп 10 жылдық болып қайта құрылды. Жалағаш совхозындағы барлық қызметтегі мамандар осы елге көшіріліп жаңа қоныс тепті. Қаншама тұрғын үй салынды. Бұл елді мекен кеңейді, әрі көркейді. Қаншама халық тұрақтады. Әңгіме бұнда емес, басшыларға керегі темір жол бекеті болатын. Сырттан келетін тасымал отын, көмір, құрылыс материалдары, мал азығы жем, жанармай барлығы вагон-вагон болып, тонналап түсіріліп станциядан ауылға қоймаға тасылатын. Осылай екі жұмыс болған еді. Теміржолдың болғаны халыққа да тиімді болды. Бекет үлкейді, жүйрік пойыздар тоқтайтын болды. Бұл айтуға ғана оңай ғой.

Міне, Ықылас Самұратов жаңа қоныс еткен ауыл осылай көш түзеп келеді. Бұл азаматтың өмір сүрлеуінің бір белесі ғана және сол заманның тыныс-тіршілігі. Ол тұста 30 дан енді ғана асқан екен. Осындай жаста елді, іргелі шаруашылықты басқару үлкен ерлік.

Салиха Самұраткелініі 1937 жылдың 24 наурызында Жамбыл облысы Шу ауданында дүниеге келген. Мектепті үздік бітіріп, Алматыдағы қыздар педагогикалық институтының математика факультетін 1960 жылы бітірген еді. Ал, Ықылас ағамыз 1936 жылдың 5 мамырында қазіргі Қызылорда облысы Қазалы ауданында туған. Алматы зооветеринарлық институтының түлегі. Олар студент шақтарында танысып, 1960 жылдың маусым айында шаңырақ көтереді. Жастардың неке тойы арайлы ару қала Алматыда өтеді. Алғаш еңбек жолдарын Шиелі ауданында бастайды. Содан бері қол ұстасып, Жалағаш ауданы, Жалағаш совхозының директоры (кейіннен Қаракеткен ауылында) қызметін атқарып, ел басқарып өрелі істердің ұйтқысы болды.

Қызылорда қаласына Ықылас аға 1974 жылы қызмет бабымен ауысып, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мал дәрігерлік бөлімінің бастығы, облыстық мал дәрігерлік лаборатория директоры қызметтерін абыроймен атқарып беделді де білікті маман болып, еліне елеулі қызмет атқарды.

Кезіндегі әріптестері: «Ықылас Самұратұлы басшы ретінде парасаттылығымен қызметтес әріптестеріне қамқор бола білген басшы болды. Қызмет атқарған кезеңдерінде түрлі медальдарымен Ауыл шаруашылығы министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Ықылас Самұратұлы облыстың мал дәрігерлік саласында 40 жыл еңбек еткен, өзіндік орны бар, іскер маман еді», деп баға береді.

Ағаның сүйікті жары біздің асыл ұстазымыз Салиха Мазбайқызы қызметін Қызылорда қаласындағы №235 мектепте жалғастырып, 20 жыл ұстаздық етті. Талай тарлан шәкірттер даярлап, шәкірт санасына сәулелі білім ұялатты. Еңбегі де еленіп облыс, республика көлемінде мақталды. Отбасылық өмірде адал жар, абзал ана жолдасы Ықылас ағамен Серік, Әлия, Ғалия атты үш бірдей бала тәрбиелеп, жоғары білім, жақсы тәрбие берді. Ұлын ұяға, қыздарын қияға қондырды.Олар халық алдында саналы азамат болып, өз қызметтерін абыроймен атқарды.

Өкінішке орай, 1991 жылы ұлы Серік мезгілсіз қазаға ұшырады. Осылай көкіректе айықпас дерт қалды. Қиын кезде бір-біріне тірек болып, немерелері алтынның сынығы Айдос пен Жандоскә қамқор болды.

Халқы қадір тұтқан, көкірегінде асыл арманы бар ардақты азамат Ықылас аға 2008 жылы дүниеден озды. Ағаның құдай қосқан қосағы бүгінгі әңгімемнің арқауы Салиха апайымыз өткен жылдың жайма шуақ маусымының 20 жұлдызында қайтты. Адамда арман көп қой, құлыны Серікжанының тұяғы қос немересін аяқтанғанын күтетін. Шүкір, артында еліне ардақты қыздары, келіні, күйеу балалары қалды және сегіз немере 3 шөберелері бар.Армандаған немерелері Айдос пен Жандос жоғары білімді маман, белді қызмет атқарады. «Орнында бар оңалар» деп халқымыз орынды айтқан.

Міне, асыл ұстаздың арамыздан кеткеніне де жыл толады. Ұлықпан Хакім айтқандай асыл жандар ұрпағымен мың жасасын.

Жаса СЕРІКБАЕВА,
Халықаралық Д.И.Менделеев атындағы медальдің иегері,
Білім беру ісінің үздігі.

КОМИССИЯНЫҢ АЛҒАШҚЫ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Отбасы құндылықтарын нығайту, гендерлік теңдікті дамыту бойынша облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия жаңа құрамда құрылды. Комиссия төрағасы болып тағайындалған облыс әкімінің орынбасары Р.Кенжеханұлының басшылығымен комиссияның алғашқы отырысы өткізілді.

Отырыста оның жаңа құрамы таныстырылып, оған облыстық мәслихат депутаттары, «Нұр Отан» партиясы азаматтық қоғам институтының өкілдері енгізілді. Комиссия хатшысы болып Бибігүл Үмбетова бекітілді. Бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес күн тәртібінде екі мәселе қаралды.

Алғашқы мәселе отбасылық бизнесті дамыту және аймағымыздағы индустриялық-инновациялық дамуға әйелдердің қатысуын ұлғайту тақырыбында өрбіді. Индустрияландыру картасы аясында іске қосылған инвестициялық жобалар негізінде ашылған 1000 жұмыс орнының 20 пайызын әйелдер құрайды.

Екінші мәселе 2015 жылы жоспарланып отырған ана мен бала денсаулығын жақсарту шаралары туралы болды. Комиссия мүшелері тарапынан көтерілген мәселелер бойынша нақты жұмыс жүргізу жөнінде ұсыныстар енгізілді.

КЕНТ КІТАПХАНАСЫНДАҒЫ КЕЛЕҢСІЗДІК

Оқырманнан өкпе-ренішке толы хат келді. Әрі жеке басының емес көпке ортақ мәселені орынды қозғапты. Ақ параққа көз жүгіртіккеннен денеміз мұздап сала берді. Өзіміз құрметпен қарайтын мамандық иесі – кітапханашылардың салғырттығына шынымен қапаландық. Хат иесі сөзінің дәлелі ретінде бірнеше суретті қоса салған екен. Ондағы келеңсіз көріністер жансарайымызды онан әрі құлазыта түсті.

Сонымен хатта айтылған деректермен бөліссек.

«Кітапхана – қасиетті орын. Ендеше кітапханашылар осынау баға жетпес байлықтың шынайы жанашырлары болуға тиісті. Алайда төмендегі оқиғадан соң олай деуге ойланып тұрмыз» деп басталған үшпу хатты толғанбай оқи алмадық. Білуімізше, кешеге дейін орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты №5 кенттік кітапхана Қазалы техникалық колледжінің ғимаратында орналасқан болатын. Жуырда осы кітапханаға №204 мектептің бұрынғы ғимаратынан бірнеше бөлме берілген еді. Ағымдағы жылдың 11 сәуірінде кітапхана өзіне бекітілген қонысқа көшірілді. Мәселе осы жерден басталыпты.

Дерекке жүгінсек, кітаптарды талапқа сай буып-түймей, КамАЗ көлігіне 10-15 данадан бос тастағанға ұқсайды. Ал жаңадан қоныстанған жері №204 мектептің ауласында кітаптардың жоғары қабатын қолмен түсіргенмен, соңғы жағына келгенде құм төккендей қорабымен аудара салыпты. Осылайша кітаптарды көшірудің ережесі өрескел бұзылған.

Бұл жерде біз не ұтылдық? Суретте бей-берекет шашылып жерде жатқан кітаптар (мұнда 23 мыңнан астам кітап қоры бар) мемлекеттің қыруар қаражатына келген құнды заттар. Дәл бүгінгідей әлемді дағдарыс шарпыған тұста қазынаның әрбір теңгесі тұрмақ, тиыны есепте тұруға тиісті. Бұл Елбасының тапсырмасы.

Бұл келеңсіздік тұрғысында интернет желісінде әңгіме де қозғалды. Сонан бері тура бір ай мерзім өтті. Не өзгерді? Ағаттықтан қандай қорытынды шықты. Көкейді запырандай буған сауал көп. Сол кезде аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі директорының міндетін уақытша атқарған Гүлнар Тұрғанбаеваның орнында қазір Зоя Мұстафаева жүр. Біз ендігі жауапты сала басшыларынан күтеміз.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы,
Әйтеке би кенті.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ ОЙ ЕРКІНДІГІНІҢ БАСТАУЫ

Бүгінгі таңда ұстаздарға сабақта жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалы да, саналы білім беруде, оқушы қабілетін жетілдіру талабы қойылып отыр. Бұл мұғалім үшін үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі – баланың ой еркіндігін, белсенділігін, ізденімпаздығын қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру.

Осы мақсатта №15 мектеп-лицейде 10 мұғалім Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курсының деңгейлік бағдарламасын аяқтап, меңгерген тәжірибесі бойынша жұмыс жасауда. Тағы төрт ұстаз курстан өтуде. Деңгейлі бағдарламасын меңгерген мұғалімдердің ұйымдастыруымен «Әлемнің өзгеруін қаласаң, сол өзгерудің алғашқысы өзің бол!» атты тақырыпта семинар өткізді. Семинар кезінде II деңгейлі ағылшын тілі пәні мұғалімі Ж.Қасымова «Жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту мен оқу» тақырыбында коучинг өткізді. Ашық сабақтар шеруі болды. Төлен Әбдіковтің «Қонақтар» әңгімесі тақырыбы бойынша 8 «В» сыныбында III деңгейлі қазақ тілі пәні мұғалімі Ш.Нұрмаханова, «Құстар» тақырыбымен 7 «Б» сыныбында III деңгейлі биология пәні мұғалімі А. Қасымова, «London is the capital of Great Britan» тақырыбында III деңгейлі ағылшын тілі пәні мұғалімі А.Қожамқұлова, «Федорино горе» тақырыбында III деңгейлі орыс тілі пәні мұғалімі А. Тұрсынбаева ашық сабақ көрсетті. Ашық сабаққа қатысқан мұғалімдер рефлекция жазып, ой пікірлерін білдірді. Сындарлы оқыту технологиясы сабақ беруге жаңаша жол ашатынын білгендіктен, іс-тәжірибе барысында оқушылар мен мұғалімдер арасында елеулі өзгерістің қозғаушы күші екеніне көзіміз жетті.

М.БЕКЕТОВА,
№15 мектеп-лицей директорының орынбасары.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №895 қаулысы
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде
06.05.2015 жылы № 4974 тіркелген

Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын ақылы автомобиль жолымен жүріп өту үшін ақы алу қағидаларын бекіту туралы

«Автомобиль жолдары туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын ақылы автомобиль жолымен жүріп өту үшін ақы алу қағидалары бекітілсін.

2. «Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Н.Н. Әлібаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Қ. Көшербаев.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы «31» наурыздағы №895 қаулысымен бекітілген

Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын ақылы автомобиль жолымен жүріп өту үшін ақы алу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы ақылы автомобиль жолымен (жол учаскесімен) жүріп өту үшін ақы алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Автомобиль жолдары туралы» 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабына сәйкес әзірленді және ақылы автомобиль жолымен (жол учаскесімен) жүріп өту үшін ақы алу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) автомобиль жолдарын пайдаланушылар – жол қозғалысына қатысушылар болып табылатын немесе автомобиль жолдарына бөлінген белдеу мен жол бойындағы белдеу шегінде өзге де қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар;

2) ақылы жүруді ұйымдастырушы – Автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық оператор немесе концессионер;

3) ақы алу пункті – ақылы автомобиль жолдарында (жол учаскелерінде) орналасқан, автокөлік құралдарын бақылау мен сәйкестендіруге мүмкіндік беретін техникалық құралдармен жабдықталған және онда автомобиль жолдарын пайдаланушылар жүріп өту үшін ақы төлеуді жүзеге асыратын өткізу пункті;

4) аралық шеп – автокөлік құралдарын, оның ішінде ақы алу пункттерін айналып өтіп, ақылы автомобиль жолына (жол учаскесіне) шыққан автокөлік құралдарын сәйкестендіруге және есебін жүргізуге мүмкіндік беретін, ақылы автомобиль жолдарының (жол учаскелерінің) бойында орналасқан техникалық құралдар;

5) концессионер – концессия шартын жасасқан, оның ішінде өз қызметін бірлескен қызмет (жай серіктестік) туралы шарт негізінде жүзеге асыратын, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға және (немесе), мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор субъектілерін қоспағанда (концессиялық жобаларды қаржыландыру жөніндегі ұйымдардан басқа), заңды тұлға;

6) қашықтықтан ақы төлеуге арналған құралдар – техникалық құрылғы, оны пайдалану кезінде автокөлік құралы ақы алу пункті арқылы жүріп өткен кезде ақылы автомобиль жолы (жол учаскесі) бойынша жүріп өту үшін ақы автоматты түрде жүзеге асырылады;

7) POS-терминал – жүріп өту үшін ақы төлеу ретінде автоматты режимде қолма-қол ақша қабылдауды немесе төлем карточкаларын пайдалану арқылы қолма-қол жасалмайтын төлемдерді қабылдауды жүзеге асыратын электрондық-механикалық құрылғы;

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен анықтамалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

2. Ақылы автомобиль жолдарымен (жол учаскелерімен) жүріп өту үшін ақы алу тәртібі

3. Автокөлік құралдарының ақылы жүріп өтуін ұйымдастыру ақылы автомобиль жолдарына (жол учаскелеріне) өту мен шығу жолдарында орналасқан ақы алу пункттерінде жүзеге асырылады.

4. Ақылы автомобиль жолымен (жол учаскесімен) жүріп өту автомобиль жолын (жол учаскесін) пайдаланушының концессионермен жасасқан шарт негізінде жүзеге асырылады. Ақылы автомобиль жолына (жол учаскесіне) кіру пунктін кесіп өткен кез шартты жасасу сәті болып табылады. Концессионер мен ақылы автомобиль жолдарын (жол учаскелерін) пайдаланушылар арасындағы ақылы автомобиль жолдарын (жол учаскелерін) пайдалануға арналған шарт жария шарт болып табылады.

5. Автомобиль жолдарын пайдаланушылардан жүріп өту үшін ақы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен ақылы автомобиль жолдары (жол учаскелері) бойынша жүріп өту үшін ақы мөлшерлемесіне сәйкес алынады.

6. Ақылы автомобиль жолы (жол учаскесі) бойынша автокөлік құралдарының жүріп өту үшін ақы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүргізіледі.

7. Ақылы жүруді ұйымдастырушыға ақылы автомобиль жолдарын (жол учаскелерін) пайдаланушылар үшін жүріп өту үшін ақы төлеудің мынадай тәсілдерін қамтамасыз етеді:

1) ақы төлеу жүргізгенін растайтын құжат пен артық ақшаны қайтарып беру арқылы POS-терминалға және қолма-қол ақшамен;

2) POS-терминал арқылы төлем карточкасынан қолма-қол жасалмайтын төлем арқылы;

3) қашықтықтан ақы төлеуге арналған құралдардың көмегімен алдын ала ақы төлеу.

8. Ақылы жүруді ұйымдастырушыға ақылы автомобиль жолына (жол учаскесіне) шығу алдында ақылы автомобиль жолына (жол учаскесіне) шығу туралы хабарламасы бар ақпараттық табло орнатады. Ақпараттық таблода, сондай-ақ, мынадай ақпарат орналастырылады:

1) ақылы автомобиль жолдарымен (жол учаскелерімен) жүріп өту үшін ақы мөлшерлемелері;

2) учаскенің ұзындығы;

3) жүріп өту үшін ақы төлеудің ықтимал тәсілдері;

4) ақылы жолдарды (жол учаскелерді) пайдаланғаны үшін ақы төлеуден босатылған автомобиль жолдарын пайдаланушылардың тізбесі;

5) басқа да пайдалы ақпарат.

9. Ақылы жүруді ұйымдастырушының ақы алу пункттерінде өз өкілдері бар, олар ақылы автомобиль жолдарымен (жол учаскелерімен) жүріп өту мен ақы төлеу тәртібіне қатысты пайдаланушыларға туындаған сұрақтар бойынша түсініктемелер береді.

10. Ақылы автомобиль жолдарымен (жол учаскелерімен) автокөлік құралдарының ақылы жүріп өтуін ұйымдастыруды ақылы жүруді ұйымдастырушы ақы алу пунктінде жол кептелістері қалыптаспайтындай қамтамасыз етеді.

11. Ақылы автомобиль жолдарымен (жол учаскелерімен) жүріп өту үшін қашықтықтан ақы төлеуге арналған құралдардың көмегімен ақы төлеу үшін, ақылы автомобиль жолдарын (жол учаскелерін) пайдаланушылар жүрместен бұрын алдын ала қашықтықтан ақы төлеуге арналған құралды ол сатылатын жерлерде сатып алады және оны осы құралдарға қоса берілген нұсқауға сәйкес пайдаланады.

12. Егер ақы алу пункті арқылы жүріп өткен кезде автомобиль жолын пайдаланушының ақылы автомобиль жолымен (жол учаскесімен) жүріп өту үшін ақы төлеуді жүзеге асыру мүмкіндігі болмаса, ақы төлеу үшін шотты ақылы жүруді ұйымдастырушы автокөлік құралының иесіне автокөлік құралының тіркелген мекен-жайы бойынша жібереді.

13. Ақы алу пункті және/немесе аралық шеп арқылы жүріп өткен кезде ақылы жүруді ұйымдастырушы, бірдейлендіруші техникалық жабдық арқылы автокөлік құралдары туралы деректерді жинауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Мұндай деректер автокөлік құралының тіркеу нөмірлік белгісін, жүріп өту күні мен уақытын бекітетін автокөлік құралдарының бейнесуреті болып табылады.

14. Осы Қағидалардың 12-тармағында көрсетілген деректер тиісті пайдаланушылардың ақылы автомобиль жолдарын (жол учаскелерін) нақты пайдаланғанын растау болып табылады және құпия ақпарат болып табылады.

Ақылы жүруді ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, оған үшінші тұлғалардың қолжетімділігін шектейді. Деректер ақылы жүруді ұйымдастырушының серверлік жабдығында жинақталады және бір жыл бойы сақталады.

15. Егер автокөлік құралы ақы алу пунктін айналып өтіп ақылы автомобиль жолына (жол учаскесіне) өткен болса, мұндай көлік құралы туралы деректер аралық шептерде белгіленіп, ақы мөлшерін айқындау үшін және автокөлік құралының кейіннен ақылы автомобиль жолы (жол учаскесі) арқылы шығуы кезінде ақы алу үшін ақы алу пунктінің жабдығына жіберіледі.

16. Автокөлік құралы ақы алу пунктін айналып өтіп ақылы автомобиль жолынан (жол учаскесінен) шығып кеткен жағдайда жүріп өту үшін ақы осы Қағидалардың 11-тармағында белгіленген тәртіппен автокөлік құралының иесінен алынады.

17. Автокөлік құралы ақылы автомобиль жолдарымен (жол учаскелерімен) басқа автокөлік құралын сүйреп жүріп өткен жағдайда ақы көлік құралдарының екі бірлігінен де алынады.

18. Ақылы автомобиль жолдарын (жол учаскелерін), оның ішінде концессияға берілген ақылы автомобиль жолдарын (жол учаскелерін) пайдаланғаны үшін ақы төлеуден:

1) қызметтік міндеттерін орындаған кезде:

жедел медициналық жәрдем ұйымдарының;

өртке қарсы қызметтің;

авариялық-құтқару қызметтерінің;

жол-патруль қызметінің;

әскери техниканың арнаулы автокөлік құралдары;

2) қала маңындағы қатынастарда және ақылы автомобиль жолына (жол учаскесіне) іргелес елді мекендерді: кенттерді, ауылдарды, аудан немесе облыс орталықтарымен, астанамен немесе республикалық маңызы бар қалалармен қосатын қатынастарда жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын автобустар;

ақылы автомобиль жолына (жол учаскесіне) іргелес аудандардың аталған әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында белгіленген тәртіппен тіркелген автобустары бір аудан шегінде жүріп-тұру үшін;

жүк автокөлік құралдары, өздігінен жүретін доңғалақты ауыл шаруашылық, мелиорациялық машиналар таяу көлікке арналған айрықтары арасындағы жол кесінділері шегінде су тосқауылдары мен темір жолдарды кесіп өту үшін;

ақылы автомобиль жолына (жол учаскесіне) іргелес аудандардың жеке және заңды тұлғаларының аталған әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында белгіленген тәртіппен тіркелген жеңіл автомобильдері бір аудан шегінде жүріп-тұру үшін босатылады.

ЖОБА

2015 жылдың өніміне бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын тұтынудың (пайдаланудың) ең төменгі нормаларын аймақтар бойынша және дақылдар бөлінісінде бекіту туралы

«Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы №4-2/664 бұйрығына (нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №10190 нөмірімен тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2015 жылдың өніміне бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын тұтынудың (пайдаланудың) ең төменгі нормалары аймақтар бойынша және дақылдар бөлінісінде бекітілсін.

2. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С.Қожаниязовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Қ. Көшербаев.

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
________________ А. Мамытбеков
2015 жылғы «___»___________

Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы «__»________№___ қаулысына қосымша

2015 жылдың өніміне бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын тұтынудың (пайдаланудың) ең төменгі нормалары аймақтар бойынша және дақылдар бөлінісі

№ р/с	Дақыл	Аймақтар		
		1	2	3
		Бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын 1 гектарға тұтынудың (пайдаланудың) ең төменгі нормалары, килограмм		
1	Бидай	4,0262	3,9870	4,2449
2	Арпа	10,4	10,4	-
3	Жүгері	39,0	39,0	39,0
4	Күріш	4,6709	4,6703	4,6671
5	Мақсары	0,4180	0,3147	-
6	Картоп	110,9958	110,9877	110,9562
7	Бұршақты көп жылдық шөптер	13,000	13,000	13,000

Ескерту:

1– оңтүстік аймақ (Жаңақорған, Шиелі аудандары);

2 – орталық аймақ (Жалағаш, Қармақшы, Сырдария аудандары және Қызылорда қаласы);

3 – солтүстік аймақ (Арал, Қазалы аудандары).

«Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшылығының азаматтарды (жеке және заңды тұлғаларды және олардың өкілдерін) қабылдау кестесі

№	Тегі, аты-жөні	Лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні	Азаматтарды қабылдау уақыты
1	Мыңбаев Қанат Тұрсынбайұлы	Басқармасы басшысының міндетін атқарушы	Сейсенбі	16:00 – 17:00
			Бейсенбі	17:00 – 18:00
2	Қарқынбаев Әлімжан Абдісәлімұлы	Басқармасы басшысының орынбасарының міндетін атқарушы	Сәрсенбі	17:00 – 18:00
			Жұма	17:00 – 18:00
3	Мырзабеков Марат Салқадинұлы	Басқармасы басшысының орынбасары	Сәрсенбі	17:00 – 18:00
			Жұма	17:00 – 18:00

Басқарманың «Сенім телефоны» - 23-02-16.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 8 сәуірдегі №911 қаулысы
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде
06.05.2015 жылы № 4973 тіркелген

Қызылорда облысында коммунальдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын есептеу қағидаларын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы кодексіне сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген Қызылорда облысында коммунальдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын есептеу қағидалары бекітілсін.

2. «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С.Қожаниязовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі К. Көшербаев.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы «8» сәуір №911 қаулысымен бекітілген

Қызылорда облысында коммунальдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын есептеу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Қызылорда облысында коммунальдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын есептеу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы кодексіне және «Коммунальдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы №145 бұйрығына сәйкес әзірленді және коммунальдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын есептеудің тәртібін анықтайды.

2. Коммунальдық қалдықтарға тұрмыстық қатты қалдықтар және елді мекендерде, оның ішінде адамның тіршілік әрекеті нәтижесінде түзілген тұтыну қалдықтары, сондай-ақ, құрамы мен түзілу сипаты жағынан осыларға ұқсас өндіріс қалдықтары жатады.

2. Коммунальдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын есептеу тәртібі

3. Коммунальдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормалары тұрғын үй қорының барлық объектілері, тұрғын емес үй-жайлар үшін жеке-жеке белгіленеді.

4. Коммунальдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормалары осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес тұрғын үй қорының барлық объектілері үшін және тұрғын емес үй-жайлар бойынша анықталады.

5. Коммунальдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормалары кейіннен есептік бірлікке жинақталу көлемін есептей отырып, заттай өлшеу жүргізу жолымен анықталады.

6. Заттай өлшеу жүргізу үшін жайлылық деңгейі әртүрлі екі үлгідегі тұрғын үй қорының объектілері бөлінеді:

1) су құбыры, кәріз, газбен жабдықтау, орталықтан жылыту, қоқыс құбыры бар жайлы тұрғын үй;

2) пешпен жылытылатын, су құбыры мен кәрізі жоқ жайлы емес тұрғын үй.

7. Облыстың қала және аудан орталықтарының тұрғындары тарапынан түзілетін коммунальдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын анықтау үшін тұрғылықты халықтың мынадай саны бар учаскелері:

халқының саны 300 мың адамға дейінгі қалаларда учаскелер жайлылықтың әрбір түрі бойынша тұрғындардың жалпы санының 2%-ын;

халқының саны 300 - 500 мың адам болатын қалаларда учаскелер жайлылықтың әрбір түрі бойынша тұрғындардың жалпы санының 1%-ын;

халқының саны 500 мың адамнан асатын қалаларда - 0,5%-ын (соның ішінде жайлы емес сектор бойынша кемінде 500 адам) қамти отырып таңдалады.

8. Таңдап алынған объектілерде өлшеу жүргізу алдында жергілікті атқарушы органдар коммунальдық қалдықтарды жинау мен шығаруды жүзеге асыратын ұйымдармен бірлесіп, осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысандар бойынша тұрғын үй қоры мен тұрғын емес үй-жайлардың коммунальдық паспортарын жасайды.

9. Түзілген және жинақталған коммунальдық қалдықтардың массасы мен көлемін анықтау үшін өлшеу сызғышы мен масса өлшеу жабдығы пайдаланылады.

10. Өлшеуді бастамас бұрын контейнердегі қалдықтар тегістеледі және өлшеу сызғышының көмегімен қалдықтың көлемі анықталады.

11. Жинақталған қалдықтардың массасы толған контейнерлерді өлшеу жолымен және кейін бос контейнердің массасын алып тастау арқылы анықталады.

12. Егер бір учаскеде түзілген және жинақталған қалдықтардың жалпы көлемі арнайы техниканың (қоқыс тасығыштың) шанағын толтырған және басқа учаскелерден қоқысты тиеу мүмкіндігі болмаған жағдайда, қалдықтардың массасын қоқыс тиелген және бос техниканы автомобиль таразысында өлшеу жолымен анықтауға рұқсат етіледі.

13. Түзілген және жинақталған қалдықтардың массасы мен көлемі жөніндегі деректер осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бастапқы жазба бланкісіне жазылады.

14. Өлшеу бойынша бастапқы материалдарды өңдегеннен кейін әрбір объектінің алынған деректері (массасы, көлемі) аптаның күндері бойынша жалпы саны шығарылады және осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша коммунальдық қалдықтардың түзудің және жинақталудың жиынтық маусымдық ведомосіне енгізіледі.

15. Маусымдық өлшеу жүргізілгеннен кейін деректер (масса, көлем) осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша коммунальдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының жиынтық жылдық ведомосіне енгізіледі.

16. Белгілі бір объекті бойынша өлшеу болжанып отырған коммунальдық қалдықтарды жинағанда басқа объектілердің коммунальдық қалдықтары араласып кетпеуге тиіс.

17. Қалдықтардың жинақталуын анықтаған кезде бірдей сыйымдылықтағы стандартты контейнерлер пайдаланылады. Қалдықтарды барынша толық есепке алу және біркелкі емес түзілу мен жинақталу коэффициентін анықтау мақсатында қосымша контейнерлер орнату көзделеді, оларды орнату қажеттілігі мен олардың саны таңдап алынған учаскелерді тексерген кезде нақтыланады.

Өлшеу басталғанға дейін бір тәулік бұрын барлық контейнерлер толық тазартылуға тиіс.

18. Өлшеу бойынша бастапқы материалдарды өңдеу өлшеу жүргізген күнінен кейінгі келесі күнінен кешіктірмей жүргізіледі.

19. Коммунальдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын есептеу осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес жүргізіледі.

Қызылорда облысында коммунальдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын есептеу қағидаларына 1-қосымша

Тұрғын қоры мен тұрғын емес үй-жайлар объектілерінің түрлері

№	Коммунальдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік
	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын
	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын
	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын
	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын
	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер
	Емханалар	1 қатынау
	Ауруханалар, санаторийлер, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын
	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы
	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отырма орын
	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 отырма орын
	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м2
	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын
	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м2
	Азық-түлік дүкендері	Сауда алаңы 1 м2
	Машиналардан сату	Сауда орны 1 м2
	Өнеркәсіптік дүкендер, супермаркеттер	Сауда алаңы 1 м2
	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м2
	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2
	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базарлары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2
	Тұрмыстық қызмет көрсету үйлері: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м2
	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м2
	Жағажайлар	Жалпы алаңы 1 м2
	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2
	Автотұрақтар, автомобиль жуу орындары, автожанармай құю станциясы, гараждар	1 машина-орын
	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы
	Гараж кооперативтері	1 гаражға
	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны
	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м2
	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2
	Ұсақ жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар)	1 жұмыс орны
	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2
	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушы
	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске

Қызылорда облысында коммунальдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын есептеу қағидаларына 2-қосымша

Нысан

Тұрғын үй қоры объектісінің коммунальдық паспорты

Қала, аудан орталығы, елді мекен_______________________________
1. Мекенжайы ____
2. Қабаттылығы ____
3. Үйдің нөмірі ____
4. Тұрып жатқан адамдардың саны, адам _____________________
5. Жайлылық деңгейі:
а) су құбырының, газдың, кәріздің болуы ______________________
б) жылу беру түрі (орталықтан, пешпен, жергілікті) ____________
в) отынның түрі - көмір (тас, қоңыр), ағаш отын, газ
____
г) қоқыс құбырының болуы _________________________________
д) аула аумағының алаңы, м2 _______________________________
оның ішінде
жасыл екпелері бар _______________________________________
жабыны қатты ____
оның ішінде жаяусоқпақтар ________________________________
6. Контейнерлердің типі, олардың саны және сыйымдылығы
____
7. Қоқысты шығару кезеңділігі _____________________________
8. Қайталама шикізатты бөлек жинау жүргізіле ме (қандай және қанша)
____

Қолдары:
Т.А.Ә., лауазымы

Нысан

Тұрғын емес үй-жайлар объектілерінің коммунальдық паспорты

Қала, аудан орталығы, елді мекен ___________________________
1. Объектінің атауы _______________________________________
2. Мекенжайы ____
3. Жапсарлас салынған немесе жеке тұрған (соңғысының қабатын көрсету қажет) ____________
____
4. Орын саны (қызметкерлер және тағы басқалар) ___________________
5. Тәулігіне өткізу қабілеті:
ойын-сауық кәсіпорындары үшін (орын саны) __________________
қоғамдық тамақтану кәсіпорындары үшін (тағам түрі) ___________
6. Қызмет көрсететін персоналдың саны, адам _________________
7. Үй-жайдың жалпы алаңы, м2 _____________________________
оның ішінде:
сауда алаңы ____
қоймалық және қосалқы алаң ______________________________
8. Аула аумағының алаңы, м2 ______________________________
оның ішінде:
жасыл екпелері бар____
жабыны қатты ____
9. Контейнерлердің типі, олардың саны және сыйымдылығы ________
10. Қалдықтарды шығару кезеңділігі ________________________
11. Тамақ қалдықтарын және қайталама шикізатты бөлек жинау жүргізіле ме? (қандай және қанша) ______________________________

Қолдары:
Т.А.Ә., лауазымы

Қызылорда облысында коммунальдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын есептеу қағидаларына 3-қосымша

Нысан

Бастапқы жазба бланкісі

____
(күні)
____ объектісі бойынша
(атауы, мекенжайы)

Контейнердің р/с №	Жиналған қалдықтар қабатының биіктігі, h, м	Контейнер негізінің алаңы, S, м2	Контейнердегі қалдықтардың көлемі, h*S, м3	Қалдықтар тиелген контейнердің массасы (қоқыс тасығыш), mз, кг	Бос контейнердің массасы (қоқыс тасығыш), mп, кг	Контейнердегі қалдықтардың массасы, mз - mп
1						
2						
...						
Тәулік ішіндегі жиыны			Vтәу			Mтәу

Қызылорда облысында коммунальдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын есептеу қағидаларына 4-қосымша

Нысан

Объектілердің топтары бойынша коммунальдық қалдықтардың түзілуі мен жиналуының жиынтық айлық (маусымдық) ведомосі

20__ жылғы «___» ____________ бастап «___» ____________ дейін
Жайлылық типі ____________________________________

Аптаның күндері	Объектінің атауы	Объектінің қызмет түрі	Есептік бірліктің саны	Жинақталған коммунальдық қалдықтардың көлемі/массасы				Орташа тығыздығы, кг/м3	Барлығы қайталама шикізат іріктеп алынды (бөлек жинаған кезде)	
				жалпы		1 есептік бірлікке				
				кг	м3	кг	м3		кг	м3
Дүйсенбі										
Сейсенбі										
Сәрсенбі										
Бейсенбі										
Жұма										
Сенбі										
Жексенбі										
Барлығы										
Тәулігіне орташа										

Қолдары
Т.А.Ә., лауазымы

Қызылорда облысында коммунальдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын есептеу қағидаларына 5-қосымша

Нысан

Коммунальдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының жиынтық жылдық ведомосі

Жайлылық типі ______________________________________

Объект	Ай	Өлшенетін бірліктің саны	Қалдықтардың жиналуы				Біртекті емес коэффициент		Бөлек жинау, кг			
			жалпы		өлшенетін 1 бірлікке				жалпы		өлшенетін 1 бірлікке	
			м3	кг	м3	кг	м3	кг	м3	кг	м3	кг
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13

Барлығы
Тәулігіне орташа

Қолдары
Т.А.Ә., лауазымы

Қызылорда облысында коммунальдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын есептеу қағидаларына 6-қосымша

Коммунальдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын есептеу

1. Коммунальдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын есептеу былайша жүргізіледі:

1) бір тәулікте объектіде коммунальдық қалдықтарды жинақтауға арналған бір контейнерде түзілген және жинақталған қалдықтардың көлемін анықтау (Vконт., М3):

$$V_{конт} = h*S$$

мұндағы h - контейнердің түбінен бастап жинақталған коммунальдық қалдықтардың жоғарғы нүктесіне дейінгі биіктік, м;

S - контейнер түбінің алаңы, м2;

2) контейнерлік алаңда коммунальдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының жалпы көлемін анықтау (Vтәу, м3), егер контейнерлік алаңда коммунальдық қалдықтарды жинақтауға арналған контейнерлердің саны бірден артық болса:

$$V_{тәу} = V_{конт1} + V_{конт2} + V_{конт3} \ldots$$

мұндағы Vконт1, Vконт2, Vконт3 - контейнерлік алаңда орналасқан әрбір контейнер бойынша коммунальдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының тәуліктік көлемі. Есептеу контейнерлік алаңда орналасқан контейнердің санына байланысты жүргізіледі;

3) коммунальдық қалдықтарды жинақтауға арналған контейнерде жинақталған коммунальдық қалдықтардың тәуліктік массасын анықтау (mконт., кг) мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$m_{конт} = m_з - m_п$$

мұндағы mз - қалдықтар тиелген контейнердің массасы, кг;

mп - қалдықтардан бос контейнердің массасы, кг;

4) объектіде түзілген коммунальдық қалдықтардың тәуліктік массасын анықтау (mтәу., кг) мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$m_{тәу} = m_{конт1} + m_{конт2} + m_{конт3} \ldots$$

мұндағы mконт1, mконт2, mконт3 - контейнерлік алаңда орналасқан әрбір контейнер бойынша коммунальдық қалдықтардың тәуліктік массасы. Есептеу контейнерлік алаңда орналасқан контейнердің санына байланысты жүргізіледі;

5) жинақталу нормалары жылдың маусымдары бойынша анықталады.

Өлшеу қызмет көрсету кестесіне сәйкес контейнерлік алаңнан қалдықтарды шығарғанға дейін тәуліктің бір мезгілінде жеті күн бойы (үзіліссіз) жүргізіледі.

Өлшеу жүргізу мерзімдері: қыста - желтоқсан/қаңтар; көктемде - сәуір/мамыр; жазда - маусым/шілде; күзде - қыркүйек/қазан.

Маусымдық кезең ішінде объектіде түзілген коммунальдық қалдықтардың көлемін анықтау (Vмаус, м3) мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$V_{маус} = V_{тәу1} + V_{тәу2} + \ldots + V_{тәу7}$$

мұндағы Vтәу1, Vтәу2 - белгілі бір маусымда әр тәулік ішінде объектіде түзілген коммунальдық қалдықтардың көлемі;

6) маусымдық кезең ішінде объектіде түзілген коммунальдық қалдықтардың көлемін анықтау (mмаус, кг) мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$m_{маус} = m_{тәу1} + m_{тәу2} + \ldots + m_{тәу7}$$

мұндағы mтәу1, mтәу2 - белгілі бір маусымда тәулік ішінде объектідегі коммунальдық қалдықтардың массасы;

7) объектіде коммунальдық қалдықтардың түзілу көздерінің санынан коммунальдық қалдықтардың орташа маусымдық нормасын анықтау (есептік бірлік) мынадай формула бойынша жүргізіледі:

көлемі бойынша (Vтм, м3):

$$V_{тм} = V_{маус} / (n \times a)$$

массасы бойынша (mтм, кг):

$$m_{тм} = m_{маус} / (n \times a)$$

мұндағы n - маусымдық кезең ішінде бақылау тәулігінің саны;

a - есептік бірліктердің саны;

8) объектіде есептік бірлікке коммунальдық қалдықтардың тәуліктік орташа жылдық нормасын анықтау мынадай формула бойынша жүргізіледі:

көлемі бойынша (Vтом, м3):

$$V_{том} = (V_{қ\,тм} + V_{к\,тм} + V_{ж\,тм} + V_{кү\,тм})/n$$

массасы бойынша (mтом, кг):

$$m_{том} = (m_{қ\,тм} + m_{к\,тм} + m_{ж\,тм} + m_{кү\,тм})/n$$

мұндағы жоғарғы индекстер «қ», «к», «ж», «кү» - қыста - «қ», тиісінше көктемде - «к», жазда - «ж», күзде «кү» - есептік бірлікте қалдықтар пайда болуының тәуліктік орташа маусымдық нормативтерін білдіреді;

n - қалдықтар пайда болған маусымның саны (n=4).

9) объектіде есептік бірлікте коммунальдық қалдықтардың түзілу мен жинақталуының жылдық нормасын анықтау мынадай формула бойынша жүргізіледі:

көлемі бойынша (Vж, м3)

$$V_ж = V_{тож} \times n_к$$

массасы бойынша (mж, кг):

$$m_ж = m_{тож} \times n_к$$

мұндағы nк - жылдағы күннің саны.

2. Коммунальдық қалдықтардың орташа тығыздығын анықтау, коммунальдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының маусымдық және тәуліктік біртекті емес коэффициентін анықтау мақсатында қосымша мынадай есеп жүргізіледі:

1) коммунальдық қалдықтардың орташа тығыздығын анықтау (γор, кг/м3) мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$\gamma_{ор} = m/V,$$

мұндағы m және V - есептік бірлікте тиісінше массасы мен көлемі бойынша коммунальдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының жылдық немесе орташа маусымдық нормативтері;

2) коммунальдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының маусымдық біртекті емес коэффициентін (кбе) анықтау мынадай формула бойынша жүргізіледі:

көлемі бойынша:

$$K_{бе} = V_{ом}/V_ж$$

массасы бойынша:

$$K_{бе} = m_{ом}/m_ж$$

3) коммунальдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының тәуліктік маусымдық біртекті емес коэффициентін анықтау мынадай формула бойынша жүргізіледі:

көлемі бойынша:

$$K_{мбе} = V_{махтәу.}/V_{ом}$$

мұндағы Vмахтәу. - маусымда объектідегі коммунальдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының ең жоғарғы тәуліктік көлемі, м3.

массасы бойынша:

$$k_{сн} = m_{махтәу.}/m_{ом}$$

мұндағы mмахтәу. - маусымда объектідегі коммунальдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының ең жоғарғы тәуліктік массасы, кг.

3. Нақты және есептік жылдық көлемді салыстыру үшін коммунальдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының есептік бірлікте белгіленген жылдық нормативтері есептік бірліктің санына көбейтіледі.

Осылайша алынған коммунальдық қалдықтардың түзілуінің есептік жылдық көлемінің айырмасы олардың дәл сол объектіде бір жыл ішінде нақты жинақталу көлемінің бес пайызынан аспауға тиіс.

Есепті және нақты деректерде бес пайыздан артық айырма болған жағдайда коммунальдық түзілуінің сараланған нормативтері олар түзілетін негізгі объектілер бойынша талап етілген қателіктермен нәтижеге шыққанға дейін түзетіледі.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:
h – биіктік;
S – көлем;
кг – килограмм;
м – метр;
м2 – шаршы метр;
м3–текше метр.

Сыр елінің тумасы, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген гидротехнигі, облысымыздың

АРЫСТАНБАЕВ САБЫР ШӘЙМЕРДЕНҰЛЫ

Құрметті азаматы Сабыр Арыстанбаев 83 жасында дүниеден озды.

Сабыр Шәймерденұлы 1932 жылы Шиелі ауданында дүниеге келген.

1953 жылы Алматы қаласындағы ауылшаруашылық (Қазақ ұлттық аграрлық университеті) институтын инженер-гидротехник мамандығы бойынша бітірген. 1962-1965 ж.ж Қызылорда су құрылысы мекемесінде бөлім бастығы, 1965-1966 жж. КСРО Су шаруашылығы министрлігінің жобалау-ізденіс экспедициясының бас инженері, 1967-1991 жж. Қызылорда облысы су шаруашылығы мекемесінің бас инженері, бастығы болып қызмет атқарды. Ол облыстағы су шаруашылығын автоматтандыру және механикаландыруды іске қосу, мелиорация жүйесін пайдалану тиімділігін арттыру сынды ауылшаруашылық жұмыстарына зор үлес қосты.

С.Арыстанбаев «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар достығы» ордендерімен және бірнеше медальдармен, 2012 жылы Қазақстан Республикасының су шаруашылығы саласын дамытуда қосқан елеулі үлесі мен қажырлы еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Ардақты азаматтың аймақ дамуына, ауыл шаруашылығы саласына қосқан қажырлы еңбегі әркез ұмытылмақ емес. Оның жарқын бейнесі көптің жүрегінде ұзақ уақыт сақталатын болады.

Қызылорда облысының әкімдігі мен мәслихаты, «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы және облыстық ардагерлер кеңесі.

«АҚПАРАТТЫҚ СЕРВИС» ВЕБ-ПОРТАЛЫ

жайында не білеміз?

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық басқармаларымен мемлекеттік органдармен мекемелерге және жеке тұлғаларға қатысты ақпараттық-анықтамалық қызметтері көрсетіледі.

Ол қызметтердің бірі – «азаматтарға қатысты тексеру іс-шараларын жүзеге асыруға өкілетті мемлекеттік және өзге де органдар мен ұйымдарға ақпараттық-анықтамалық есеп мәліметтерін ұсыну» болып табылады.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2014 жылғы 10 шілдедегі №71 бұйрығымен бекітілген «арнайы есепке алудың жекелеген түрлерін жүргізу мен пайдалану» қағидасының талаптарына сәйкес, мемлекеттік және құқық қорғау органдар тексерілуші тұлғалар жөнінде қылмыстық, соттылық, сыбайлас жемқорлық сипатында жасалған құқық бұзушылық және әкімшілік тартылғандар жөнінде мәлімет алу мақсатында Комитеттің аумақтық Басқармаларына сұрау салады. Қағида талаптарына сәйкес талап басқармаға келіп түскен сәттен бастап 3 жұмыс күні ішінде орындалып, сұрау салушыға кері жолданады.

Сонымен қатар, талаптарды ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің «Ақпараттық Сервис» Веб-Порталынан алуға болады.

Қазіргі уақытта басқармамен мемлкеттік органдардың сұранымдары мен талаптары ҚР БП-ның құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің «Ақпараттық Сервис» порталы арқылы электронды түрде орындалып жолдануда. Аталған сервистің мүмкіндіктері жөнінде басқарма қызметкерлерімен 2014 жылы мемлекеттік органдардың кадр қызметкерлері мен программистері арасында тиісті семинар сабақтары өткізіліп «Ақпараттық Сервис» базасын қолдану жөніндегі нұсқаулық таратылып берілген.

Жоғарыдағылардың негізінде, ҚР БП-ның құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің тапсырмасына сәйкес, сайлаушылар жөніндегі сұрауларды ҚР БП-ның құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің «Ақпараттық Сервис» порталы арқылы электронды түрде жолдау ұсынылады.

Б.АЮПОВ,
ҚР БП ҚСжАЕК-нің Қызылорда облысы бойынша басқармасының арнайы есепке алу бөлімінің аға прокуроры.

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІНЕ БЕЙ-ЖАЙ ҚАРАМАҢЫЗ

Қазіргі таңда адам баласына қауіп тудыратын апат түрі жетерлік. Соның бірі – жол-көлік апаты. Өкініштісі, зардап шегушілердің қатарында балалар мен жасөспірімдер саны соңғы жылдары басым болып барады. Мәселен, жыл сайын дүние жүзінде 1 миллионнан астам адам жол-көлік апаты салдарынан көз жұмып, тағы миллионнан астамы мүгедектікке алып келетін әр түрлі деңгейдегі дене жарақаттарын алып жатқаны белгілі. Ал, өзіміздің елде әрбір жылы 3000-нан астам адам жол-көлік апатынан қаза тауып, 17 мыңға жуығы жарақат алады екен. Оның ішінде жасөспірімдер мен кәмелет жасына жетпеген балалардың саны артып барады. Дегенмен, бұл мәселе бойынша әлем елдері тиісті шараларды қолданып, жол-көлік апаты салдарынан балалардың зардап шегуін алдын алу мақсатында маңызды бағдарламаларды жүзеге асырып келеді.

Осы негізде ҚР денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жол-көлік жарақатын алдын алу бойынша онкүндік өткізуді дәстүрге айналдырған. Аталмыш іс-шараның негізгі мақсаты үлкендер мен қатар жасөспірімдер арасында жол-көлік апаты жайында түсіндірме жұмыстарын жүргізу және жол қозғалысы ережесін қатаң сақтауды насихаттау мен алдын алу. Сонымен қатар республикалық деңгейде мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдер арасындағы жол-көлік және тұрмыстық жарақаттың алдын алу жөнінде айлық жұмысы тұрақты түрде өткізіліп келеді. Біздің аймағымызда да бұл шаралар белсенді атқарылуда. Осы мақсатта «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының ұйытқы болуымен мектептер мен жоғары және арнаулы оқу орындарында және басқа да мекемелерде «STOP қылмыс» жобасы шеңберінде жастар ұйымдарымен бірлесе жұмыс жасауда.

Елімізде жол-көлік апатынан болатын өлім-жітім қан айналым жүйесі мен онкологиялық ауруларынан кейінгі үшінші орында тұр. Бұл көңіл қуантарлық жағдай емес. Тағы бір айта кетерлігі, көбінесе жас пен еңбекке қабілетті жастардың өмірі қыршыннан қиылуда. Бұл оқиғалардың орын алуының бірден-бір себебі балаларды сақтандыру шараларына үлкендердің жеткілікті назар аудармауы, бос уақытын дұрыс ұйымдастырмауы, мектеп оқушыларының жол жүру мәдениетінің төмендігі, жол қозғалысы ережесін жеткілікті білмеуі, ата-аналардың кері үлгі көрсетуі және мектеп жанындағы жаяу жүргіншілерге арналған жол белгілерінің дұрыс орнатылмауы болып отыр. Құқық қорғау саласы мамандарының айуынша, көп жағдайда ата-аналар балаларын автокөлікпен алып жүрген кезде қауіпсіздік ережелерін ескермей, соның салдарынан келеңсіз жағдайлар орын алып отыр. Олардың балаларын көлікке отырғызған жағдайда қауіпсіздік белдігін қолданбай, салонда балалардың барына қарамай жол қозғалыс ережелерін бұзатыны жиі қайталанады. Осы ретте Денсаулықты сақтау дүниежүзілік ұйымының мәліметі бойынша автокөліктерде арнайы балалар қондырғысын пайдалану сәбилер арасындағы өлімді – 71, ал жастары үлкенірек балалар арасында 64 пайызға төмендеткені белгілі болған. Ата-аналардың басым бөлігі баласын қолдап ұстап отырғанды қауіпсіз санайды. Әйткенмен бұл жансақ пікір. Мына дерекке зер салайық, көлік 50 км\сағ жылдамдықпен келе жатып соқтығысқанда немесе күрт тоқтаған кезде жолаушының салмағы шамамен 30 есе артады екен. Егер баланың салмағы 10 кг болса, онда ол 300 кг-ге тең деген сөз. Бұл жағдайда баланы қолда ұстау мүмкін емес. Демек, балаларға арналған арнайы құрылғыны қолдану дұрыс деген сөз. Европа елдерінің басым бөлігінде автоорындықты қолдану ертеден қалыптасқан. Жаңа туылған сәбиден бастап балаларға да арналған арнайы түрлері бар. Ғалымдардың зерттеуі бойынша осы елдерде аталмыш құрылғыны пайдаланғаннан кейін балалар арасындағы жол-көлік салдарынан орын алып жатқан оқиғалар көрсеткіші күрт төмендеген.

Ал, біздің елде бұл заң жобасы өткен жылдың аяғында қаралған болатын. Бірақ әлі де болса пысықталуы керек дейді қарапайым халық. Себебі, кейбір тұстары біздің талаптарға сай келе бермейтіндігін алға тартып отыр. Дегенмен, бала қауіпсіздігін қашанда алдыңғы орынға қойған жөн болар деген ойдамыз.

Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2015 жылдың 8 мамырындағы ұйғарымымен «Азиаш» ЖШС-на оңалту туралы іс қозғалды. Азаматтық іс Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі №29 үйде, Қызылорда мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында қаралады.

САТЫЛАДЫ

Тігуімен қараша үй сатылады. 120 бас, 7 қанат, туырлығы ақтықпен қапталған, киіз есігі жаңартылған, бағасы келісімді.

Байланыс тел.: 21 77 38, 8 777 452 39 77.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Смағұлов Ғалымжан Тынымбайұлының атына Қызылорда облысы, Жалағаш ауданындағы №202 орта мектепті 19.06.2006 жылы бітіргені жөнінде берілген ОБ 1619100 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Қожанова Төлеш Тұрғанқызының атына Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Абай ауылындағы Абай атындағы №90 орта мектепті 1982 жылы бітіргені жөнінде берілген КВ 891413 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Кунтуарова Карлигаш Шакеновнаның атына Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жаңаталап (Мақпалкөл) ауылындағы №117 орта мектепті 1978 жылы бітіргені жөнінде берілген №197417 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Узбекова Гульвира Саржановнаның атына ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Жамбыл медициналық колледжін «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша 05.01.2004 жылы бітіргені жөнінде берілген ОАБ №0264464 дипломы қосымшасымен жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Абуова Майра Мұратқызының атына Қызылорда қаласындағы №4 С.Сейфуллин атындағы орта мектептің 9 сыныбын 19.06.2009 жылы бітіргені жөнінде берілген НОБ №0450997 куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Қызылорда облысының әкімдігі мен мәслихаты, «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы су шаруашылығы саласының ардагері, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген гидротехнигі, Қызылорда облысының Құрметті азаматы

Арыстанбаев Сабыр Шәймерденұлының

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

***

Облыстық медицина орталығының ұжымы осы орталықтың нейроинсульт бөлімінің мейірбикесі

Ұлдана Ерниязованың

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӨҢІРЛІК ДАМУЫНА ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІНЕ ЫҚПАЛ ЕТЕТІН «ИГІЛІК» КОРПОРАТИВТІК ҚОРЫ 2014 ЖЫЛЫ ИГЕРІЛГЕН ҚАРЖЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

№	Жоба атауы
Қала келбетін жақсартатын, сәулет-құрылыс жобаларын, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын, энергетика саласын дамыту жобаларын, білім және мәдениет, аймақты көркейту, көгалдандыру жобаларын қаржыландыру	
1	«ПК-360 ПК-400 темір жол су айдағышынан «Мерей» мөлтек ауданындағы өрт сөндіру бөлімшесіне дейінгі аралықтағы қорғаныс бөгетінің ПК 370+00 - ПК 375+00 аралығындағы қорғаныс бөгетін бекіту» жобасы
2	«Қазан Құдай Ана Иконасы» шіркеуіне абаттандыру, жарықтандыру және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу. «Христа-Спаситель» ескерткішінің реставрациялық жөндеу жұмыстарын жүргізу» жобасы
3	«Қызылорда қаласында 3 000 орындық Ипподром құрылысын салу» жобасы бойынша жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге және құрылыс жұмыстарын жүргізуге қолдау көрсету
4	Қызылорда қаласында Жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған «SOS Kinderdorf» балалар ауылының құрылысы бойынша жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге және құрылысын жүргізуге қолдау көрсету
5	«Қызылорда облысы Жаңақорған ауданында орналасқан «Төлегетай» және «Қылышты ата» кесенелеріне жөндеу жұмыстарын жүргізу» жобасын жүзеге асыру
6	«Әлеуметтік парк» жобасын жүзеге асыру
7	«Қызылорда қаласындағы №7,187,235,233 орта мектептердің аумағында орналасқан спорттық алаң салу құрылысы» жобасына қолдау көрсету
8	«Қорқыт Ата» атындағы әуежайының қайта жаңғырту жұмыстарының техникалық-экономикалық негіздемесі мен жобалық-сметалық құжаттамаларын әзірлеу
	Барлығы: 708 825 609 теңге
Дарынды балалар мен жастарға қолдау көрсету	
1	**Халықаралық байқауларға қатысу:** - Әуесхан Назарбек және Назар Нұрғиса *(№9 дарынды балаларға арналған қазақ-түрік лицей-интернатының үздік оқушылары, «Физика» бағыты бойынша «Компьютерная физика – 2014» халықаралық ғылыми жоба жарысының жеңімпаздары)* – Түркия мемлекеті Стамбул қаласында өткізілген Халықаралық «INEPO-TURKEY» ғылыми жобалар байқауы - Жұмағали Нұржан *(«Бозторғай» байқауының лауреаты, «Золотой микрофон» халықаралық балалар байқауының I-орын иегері, «Біз күн перзентіміз» байқауының I-орын иегері)* – Беларусия мемлекетінің Витебск қаласында өткізілген «Славянский базар» өнер фестивалі - Жолдасбаева Майра *(«Өнер» мектебінің скрипка класының оқушысы)* - Италия мемлекетінің Венеция қаласында өткізілген «Джованни Таленти» байқауы - «Арайлы» би тобы – Алматы қаласында өткізілген балалар шығармашылық «XVI Бозторғай» байқауы - «Сыр гүлдері» би тобы *(VI облыстық «Ботақан» телефестивалінің лауреаты, облыстық XVI «Бозторғай» байқауының I-орын иегері)*- Алматы қаласында өткізілген XVI «Бозторғай» байқауы - «Балдырған» би тобы *(«Бозторғай» байқауының II-дәрежелі лауреаты, «Все краски танца» хореографиялық топ бий конкурсының I-орын иегері, «Ғұмырдария» халықаралық балалар шығармашылық байқауының II-орын иегері)* – Астана қаласында өткізілген «Viva Astana» конкурс-фестивалі - Қызылорда облысы спортшы мүгедектерінің Сток-Мандевиль (Ұлыбритания) қаласында өткізілетін Дүниежүзілік жасөспірімдер ойындарына қатысу
2	**Республикалық, облыстық байқауларға қатысу:** - Әбіләкім Қазыбек және Әбіләкім Әділет *(халықаралық республикалық «Ғұмырдария» телевизиялық байқауының I және II дәрежелі лауреаттары)* – Алматы қаласында өткізілген «Ғұмырдария» балалар байқауы - Батырхан Маргарита *(белсенді оқушы, облыстық мерекелерге қатысып, әртүрлі диплом иегері)* Алматы қаласында өткізілген «Асыл мұра» ән-би конкурсы - Әбдіхан Шоқан *(халықаралық «Бозторғай» байқауының Бас жүлдегері, «Ұлттық Дельфийлік ойындарының» II-орын иегері, республикалық «Ақмаңдайлым» байқауының лауреаты)* – Астана қаласында өткізілген «Жас қанат» жас әншілер байқауы - Садуақас Сұңғат пен Орынбай Диана *(«Бозторғай» ән үйірмесінің мүшелері)*- Алматы қаласында өткізілген «Айгөлек» телевизиялық жобасы - «Жұлдыз» би тобы *(республикалық «Асыл мұра» байқауының I-орын, республикалық «Жас дарын» ән-би байқауының «Хореография» номинациясы бойынша I-орын иегерлері)* – Алматы қаласында өткізілген «Ғұмырдария» ән-би конкурсы - «Жұлдыз» би тобы *(республикалық «Асыл мұра» байқауының I-орын, «Жас дарын» ән-би байқауының «Хореография» номинациясы бойынша I-орын иегерлері)* – Алматы қаласында өткізілген «Асыл мұра» ән-би конкурсы - № 6 есту қабілеті бұзылған балалардың арнайы (түзету) мектеп-интернаты оқушылары – Астана қаласында өткізілген IX «Жұлдызсай» шығармашылық фестивалі - Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған балалар үйі тәрбиеленушілері – Астана қаласында өткізілген «Таң Шолпан» байқауы - Әбуов Дінмұхаммед *(республикалық «Бозторғай», «Бал бала» байқауларының лауреаты)* – Алматы қаласында өткізілген «Таланттарды іздеймін» байқауы
3	Жас ақын Мәлікова Динараның *(халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты, республикалық әдеби байқаудың «Алтын қалам» иегері)* «Гүл қауызындағы хаттар» атты кітабының тұсаукесер кешін өткізуге қолдау көрсету
4	Қызылорда облысындағы «Алтын белгі» иегері атанған оқушыларды марапаттау (94 ноутбук сатып алу)
5	Инчхон (Корея) қаласында өткізілген 17 жазғы Азия ойындарында және тағы басқа жарыстарда спорт түрлерінен жүлдегер атанған облыс спортшыларын марапаттау.
	Барлығы: 36 006 024 теңге
Қызылорда облысы кәсіпкерлерінің, үкіметтік емес ұйымдардың әлеуметтік-экономикалық маңызы бар жобаларын жүзеге асыруға қолдау көрсету	
Қызылорда облысы әкімі, «Қызылорда облысы Азаматтық Альянсы» Қауымдастығы және «Игілік» Корпоративтік қоры арасындағы бірлескен іс-қимыл мен әріптестік жайлы Меморандум аясында қаржыландырылған жобалар	
№	**Жоба атауы** / **Жоба орындаушысы**
1	«Облыс әкімі, «Қызылорда облысы Азаматтық Альянсы» Қауымдастығы мен «Игілік» корпоративтік қоры арасындағы 2014 жылғы 3 жақты Меморандум аясында әлеуметтік маңызды жобаларды орындаушы ҮЕҰ-ның қызметін үйлестіруді жүзеге асыру» / «Қызылорда облысы Азаматтық Альянсы» қауымдастығы
2	«Өңірдегі дәстүрлі емес діни ағымдардың және діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу қызметі» / «Сырдария – Руханият» қоғамдық қоры
3	«Қоғамдағы деструктивті діни ұйымдардың алдын-алу бойынша дәстүрлі дін өкілдері және теолог мамандармен бірлесе отырып тұрғындар арасында дұрыс діни сана қалыптастыру» / «Сырдария – Руханият» қоғамдық қоры
4	«Облыс тұрғындары арасында діни-экстремизм құбылыстарының алдын-алу бойынша ақпараттық қызметін ұйымдастыру» / «Самұрық» инновациялық идеяларды дамыту орталығы» қоғамдық қоры
5	«Центр патриотического воспитания подрастающего поколения» / Қызылорда облысындағы «Қазақстан Республикасы жергілікті соғыс және Ауғанстан ардагерлер Одағы» қоғамдық бірлестігінің филиалы
6	«Жаңа дәуірдің келбеті: жастардың патриотизм, салауатты өмір салты, мәдени- ұлттық құндылықтарды ұстануы» / Қызылорда облысының «Ауған соғысының ардагерлері мен мүгедектерінің кеңесі» қоғамдық бірлестігі
7	«Организация мероприятий среди ликвидаторов ЧАЭС и их детей» / Қызылорда қалалық «Чернобыль» қоғамдық бірлестігі
8	«Содействие» – Ядролық сынақтан зардап шеккен жандарды белсенді қоғам өміріне дәріптеу / «Қызылорда-Невада-Семей» қоғамдық бірлестігі
9	«Шапағат» әлеуметтік жоба бойынша түрлі маңызы бар іс-шараларды ұйымдастыру арқылы Қызылорда облыстық Чернобыль, Ауғанстан және Совет Армиясы әскерлері жесірлері мен отбасы балаларына рухани, әлеуметтік моральдық, психологиялық тұрғыда көмек көрсету» / Қызылорда облыстық Чернобыль Ауғанстан және Совет армиясы әскерлері жесірлерінің «Ару ана» қоғамдық бірлестігі
10	«Бабалар мұрасы ұрпаққа аманат» / «Әлібатырованың түкті кілем үйрету шеберханасы» қоғамдық бірлестігі
11	«Обучение молодежи русскому прикладному народному ремеслу» / «Славяне» мәдени қоғамдық бірлестігі
12	«Благоустройство чеченского кладбища города Қызылорда» / «Шешен мәдени орталығы «Вайнах» қоғамдық бірлестігі
13	«Ерлік ұмытылмайды» - жас ұрпақты Отан сүйгіштікке, төзімділікке тәрбиелеу, жауынгерлерді үлгі тұтып, батырлықтарын, ерекше қасиеттерін паш ету, жастарға Отанды сүйіспеншілікпен қорғау жөнінде ақпаратты насихаттау / «Ардагерлер одағының (Тәжік – Ауған шекарасында жауынгерлік қимылдарына және әскери қақтығыстарына қатысушылардың)» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облысы бойынша филиалы
14	«Мүмкіндігі шектеулі жандардың өмірге деген көзқарасы» / «Қазақ соқырлар қоғамы» қоғамдық бірлестігі
15	«Организация досуга инвалидов» / «Қазақ соқырлар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің «Сырдария» корпоративтік қоры
16	«Көз мүгедектерін қоғамға интеграциялау» / «Қазақ соқырлар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің «Жосалы» Корпоративтік қоры
17	«Тірек-қимыл аппараттары зақымдалған мүгедектер арасында спорттық турнирлер ұйымдастыру» / «Жігер» Қызылорда облысының спортшы мүгедектерінің қоғамдық бірлестігі
18	«Волонтеры в поддержку детей с особыми потребностями» / «Көкжиек» қоғамдық бірлестігі
19	«Повышение уровня женщин-инвалидов в обществе» / Облыстық мүгедек әйелдер «Жәрдем-Содействие» қоғамдық бірлестігі
20	«Мүгедек әйелдерді компьютерлік сауаттандыру» / Мүгедек әйелдердің Республикалық «Бибі-Ана» қоғамы қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалы
21	«Мүгедектерге Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жолдауын облыстағы мүгедектердің өмірін жақсарту мақсатында 2014 – 2015 жылдарға арналған жол картасын түсіндіріп, қолдау көрсету» / «Қызылорда облыстық мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі
22	«Мүмкіндігі шектеулі балалар мен мектеп оқушыларымен бірге танымдық іс-шараларды өткізуді ұйымдастыру» / «Ақ бота» лигасы қоғамдық бірлестігі
23	«Мүгедек жандар арасында дойбыдан турнирлер ұйымдастыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру және мүгедектерді әлем деңгейіне дейін өсіру» / «Қызылорда облыстық дойбы федерациясы» мүгедектер қоғамдық бірлестігі
24	«Ұйымдаспаған жастардың қоғамдық белсенділігін арттыру және салауаттылыққа бағыттау» / «Нұр Жаусын – Қызылорда» қоғамдық бірлестігі
25	«Обучение молодежей к рукоделию» / «Әлеуметтік коммуникациялық жастар клубы» жастар қоғамдық бірлестігі
26	«Қызылорда облысындағы қолөнер шеберлігін дамыту» / «Коммерциялық емес мемлекеттік емес мекеме «Қарлығаш» шеберлер орталығы» қоғамдық бірлестігі
27	«Саз балшықтан жаңа технология бойынша киіз үй, құмыра, ыдыс-аяқ жасауды жандандыру» / «Нұр – Рамазан» қоғамдық қоры
28	«Летний туристский палаточный лагерь» / «Молодежная федерация спортивного туризма и туристского многоборья» қоғамдық бірлестігі
29	«Қызылорда облысындағы нашақорлыққа қарсы волонтерлік қозғалысын ұйымдастыру» / «Арылу» қоғамдық қоры
30	«Шаңырақ» Жас отбасылар клубы» / «Батыр ана» көп балалы аналардың қоғамдық бірлестігі
31	«Қоғамдық сенімділік» - Аймақ тұрғындардың соның ішінде оқушылардың төтенше жағдайлар табиғат апаты кезінде өзін өзі ұстауы және алдын-алу шарасын ұйымдастыру / Қазақстан Республикасы «Қызыл Ай Қоғамы» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалы
32	«ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050», «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауларындағы мемлекеттік тілді Мәңгілік еліміздің Мәңгілік тілі ету мақсатында оның қолданылуы аясын барынша кеңейтуге және мәртебесін көтеруге бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру» / «Халықаралық Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалы
33	«Арал тұсындағы экологиялық кризисті аймақтан қайта туға, өркендеуге» / «Региональный центр экологии и охраны здоровья населения Приаралья» қоғамдық бірлестігі
34	«Экология және Біз – Арал ауданындағы бірқатар елді мекендердің экологиялық жағдайын жақсартуға ықпал ету және ауыл тұрғындарының экологиялық сауаттылығын арттыру» / «Арал теңізі» қоғамдық бірлестігі
35	«Ардагерлердің өнері мен өнегесін насихаттау, ұлттық дәстүрлердің үйлесімді дамуы арқылы рухани бай тұлғаны қалыптастыру бағытындағы Жеңістің 70 жылдық мерекесіне орай аталар ансамбілінің облыстық байқауын өткізу» / Ардагерлер ұйымының Қызылорда облысы бойынша қоғамдық бірлестігі
36	«Жаңару мен жаңғырту жолында» / Қызылорда облыстық «Ұрпақтан ұрпаққа» облыстық қоғамдық бірлестігі
37	«Халықтың әлеуметтік белсенділігін арттыру» / «Алтын Мұрагер» қоғамдық қоры
38	«Қызылорда қаласының тарихи имиджін көтеру» / «Руханиятты жаңғырту» қоғамдық қоры
39	«Жаңа күн» (Возрождение) / «Сыр Мейірімі» қоғамдық әлеуметтік қоры
40	«Сыр толқыны» - талантты жастар арасында. Республикалық дәрежеде ақындар сайысын өткізіп, шежірелі, қазыналы өнірімізідің жарқын істерін жырша өрнектеу. Талантты жастардың үздік шығармаларын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттап, кітаптарын шығаруға жәрдемдесу / «Қазақстан Жазушылар одағы» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалы
41	«Ұлтаралық татулық – ұлы мұратқа басар қадам нышаны» / «Нұр Жаусын – Қызылорда» қоғамдық бірлестігі
42	«Зеленая планета Распространение знаний об окружающей среде в целях повышения экологической грамотности населения Приаральского региона в контексте развития «Зеленая планета» / «Экоқызмет» Ғылыми-техникалық орталығы» қоғамдық бірлестігі
	Барлығы: 65 252 766 теңге
Жастар қоғамдық бірлестіктерінің әлеуметтік маңызы бар жобаларына қолдау көрсету	
1	«Қызылорда облысында КВН мектебінің қызметін дамыту» / «Қазақстан КВН Одағы» Республикалық жастар қоғамдық бірлестігі «Қызылорда КВН» филиалы
2	«Кеш жарық Қызылорда» ақпараттық танымдық, ойын-сауық жастар бағдарламасы» / «Дарын» жастар продюсерлік орталығы» жастар қоғамдық бірлестігі
3	«Активизирование предпринимательской инициативы граждан из социально-незащищенных семей, путем обучения их рукоделию» / «Әлеуметтік коммуникациялық жастар клубы» жастар қоғамдық бірлестігі
4	«Үміт жолдары» - бас бостандығынан айрылып, сотталғандармен жұмыс түзетілуге, адамға, қоғамға, нормаларға, ережелерге және адамзат қоғамындағы салт-дәстүрлерге, еңбекке деген құрметтік қатынасты қалыптастыруға, біліми және мәдени деңгейін көтеруге бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру / «Қызылорда облыстық Тұтынушылардың құқығын қорғау қоғамы» қоғамдық бірлестігі
5	«Сексеуіл кенті жастарының азаматтық белсенділіктерін арттыруға бағытталған шараларды ұйымдастыру» / «Самұрық» инновациялық идеяларды дамыту орталығы» қоғамдық қоры
6	«Сыр өңірі әдеби-шығармашылық жастарын қолдау» / «Құс қанаты – Қызылорда» қоғамдық қоры
7	«Қаламыздағы аула клубтарының жұмысын жандандыру» / «Болашақ жастары» жастар қоғамдық бірлестігі
	Барлығы: 11 520 000 теңге
Қызылорда облысы кәсіпкерлерінің, үкіметтік емес ұйымдардың әлеуметтік маңызы бар жобаларын жүзеге асыруға қолдау көрсету	
1	Мүмкіндігі шектеулі балалар және аз қамтылған, көпбалалы, толық емес отбасы балалары мен мектепшілік бақылаудағы, ішкі істер органдарында есепте тұрған балалар мен қолайсыз отбасынан шыққан (1 000 бала) облыстан тыс қала сыртындағы лагерлерінде демалуын қамтамасыз етуге қолдау көрсету / «Қызылорда облыстық білім ұйымдарының Ассоциациясы» қоғамдық бірлестігі
2	«Жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, көпбалалы, толық емес отбасы мен қолайсыз отбасы және үкіметтік емес ұйымдардың балаларын Астана қаласына саяхатқа жіберуді ұйымдастыру» жобасына қолдау көрсету / «Қызылорда облыстық білім ұйымдарының Ассоциациясы» қоғамдық бірлестігі
3	Қызылорда облысындағы Ұлы Отан соғысы, тыл, еңбек және Ауған соғысының, Чернобыль апатына қатысушылар мен Семей ядролық сынақ полигоны салдарынан зардап шеккен азаматтар мен Ассамблея ардагерлеріне Мерке, Сарыағаш шипажайына 1000 жолдама алуға қолдау көрсету / «Қызылорда облыстық ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігі
4	«Активизирование инициатив женщин с ограниченными возможностями путем обучение их к рукоделию» / Облыстық мүгедек әйелдер «Жәрдем-Содействие» қоғамдық бірлестігі
5	Аты аңызға айналған «Қоркыт Ата» туралы үш тілде (қазақ, орыс және түрік) ғылыми танымал кітап шығару, мультипликациялық фильм түсіру және әр мемлекеттің ғалымдарының қатысуымен конференция ұйымдастыру» жобасына қолдау көрсету / «Тюркская Пирамида Гуманитарлық зерттеулер» Халықаралық жеке қоры
6	«Организация Эстафеты памяти «Мы Наследники Великой Победы» / «Ауғанстан соғысының және жергілікті қақтығыс ардагерлері мен мүгедектерінің «Ардагер» республикалық қоғамдық одағы» қоғамдық бірлестігі
7	«Темірбек Жүргенов туралы Орынбор, Қазан, Душанбе, Тәшкент, Арқалық, Алматы және Ақтөбе қалаларынан мұрағат құжаттарын іздестіріп, жинақтап мұражай ашу» әлеуметтік маңызы бар жобасына қолдау көрсету / «Темірбек Қараұлы Жүргенов» қоғамдық қоры
8	«Шаңырақ» жобасына қолдау көрсету / Көпбалалы ана Әлжімбаева Зейнеш
9	«Жиһаз өнімдерін шығара отырып әлеуметтік жағдайы төмен жандарды жұмыспен қамту» жобасын жүзеге асыруға қолдау көрсету / І-топ мүгедегі Шуетов Мирамбек Омарұлы
10	«Сыр өңіріндегі көп балалы аналар мұқтажды отбасылар мен мүмкіндігі шектеулі жандардың өмірінен ақпараттық-тақырыптық бейнесюжеттер әзірлеу» жобасын жүзеге асыруға қолдау көрсету / Қызылорда қоғамдық телерадиокомпаниясы
11	«Қызылорда облысы бойынша көп балалы аналардың денсаулықтарын жақсарту мақсатында Мерке, Сарыағаш, Жаңақорған және Бурабай шипажайларына жолдамалар сатып алу (142 батыр ана)» жобасына қолдау көрсету / «Батыр ана» көп балалы аналар» қоғамдық бірлестігі
	Барлығы: 130 636 105 теңге
	Мүгедектер мен науқас балаларға, тұрмысы төмен отбасыларға және т.б. қайырымдылық көмек көрсету: ІІ-топ мүгедегі Төлепберген Мұрат пен науқас Төлепберgenова Мөлдір; бала күнінен мүгедек, «эпилепсия» ауруына шалдыққан Еркін Маржан Әділқызы; жалғызбасты ана, «Артериальды гипертензия ІІІ» ауруына шалдыққан Шаймбетова Гульзира; ІІ-топ мүгедегі, көп балалы ана Гафарова Елена; бала күнінен мүгедек Дүйсеналиева Аружан; І-топ мүгедегі Успанова Айгүл; «Острый плазмоклеточный лейкоз» науқасына шалдыққан Саменова Аида; ІІІ – топ мүгедегі Суюнбаева Бахыт; бала күнінен мүгедек Қылышбеков Ахметжан; ІІІ - топ мүгедегі Есімсеитова Гүлнара; бала күнінен мүгедек Ермекұлы Әділхан; бала күнінен мүгедек Болатбеков Дастан; бала күнінен мүгедек Әнетов Мадияр; науқас Сарсембаев Ерлан; науқас Бақтыбаева Гүлжамал; ІІІ – топ мүгедегі Қанатбайқызы Гүлсезім; науқас Дурова Райхан; бала күнінен мүгедек Топжарғанова Жанерке; бала күнінен мүгедек Әділбек Қаракат; ІІ-топ мүгедегі, көп балалы ана Айтмаханова Ақбөпе; науқас Әбуова Назым; «Неходжкинская диффузная крупноклеточная лимфома ст 3б.» науқасына шалдыққан Қыдырбек Руслан; «ОД-врожденный птоз 3 ст.» науқасына шалдыққан Шаймерденұлы Ғиззат; бала күнінен мүгедек Мұса Мирас; бала күнінен мүгедек Қорғанбек Жасұлан; бала күнінен мүгедек Әбиболла Рахат; науқас Әбілқасым Гауһар; бала күнінен мүгедек Төлекова Диана мен Төлекова Дильназ, «Врожденный дефект предсердной перегородки» науқасымен ауыратын Қаргағаева Исмира; бала күнінен мүгедек Бегайдар Нұрислам; науқас Лян Евгений Владимирович; ІІ-топ мүгедегі Мубаракова Алма; Жүгінісов Қыстаубай (бала кезінен ІІ-топ мүгедегі), Құлжұмұрова Дүйсенкүл (көп балалы ана), Жолдықұлова Эльмира (көп балалы, жалғыз басты ана), Ким Ирина (көп балалы ана), Абдулдаева Қарлығаш (көп балалы ана), Әлжімбаева Зейнеш (жалғыз басты көпбалалы ана), Тәжібаева Жаңагүл (сегіз баланың анасы, жалғыз басты), Тұрлығұлова Светлана (ІІ-топ мүгедегі), Парманқұлова Күлай (ІІІ-топ мүгедегі), Жорабаева Мереке (көп балалы ана), Әлішева Зәуре (ІІ-топ мүгедегі); Баймұратова Жұлдыз (тұрмысы төмен, көп балалы отбасы), Абдуллаев Асылбек (мүгедек), Елібаев Амангелді (ІІ-топ мүгедегі), Халикулов Имам (ІІІ-топ мүгедегі), Ақжүніс Рахат (бала күнінен мүгедек), Болатқызы Асель (ІІ-топ мүгедегі), Мадреимова Лаура (көп балалы тұрмысы төмен отбасы), Бекенов Бақытбек (бала күнінен мүгедек), Жаленова Катира (ІІ-топ мүгедегі), Мошкова Олимпиада (тұрмысы төмен отбасы), Салабат Нурдаулет (бала күнінен мүгедек), Қоңырбаева Бақытнұр (ІІ-топ мүгедегі, жалғыз басты ана), Даулбаева Рахима (ауыр науқас), Әбуова Назым (тұрмысы төмен отбасы), Қазтай Асылзат (күнінен мүгедек), Жұмағұлова Сәуле (бала күнінен мүгедек), Бикеева Айгүл (тұрмысы төмен отбасы), Бекбусинова Пернекул (ауыр науқас), Айбекұлы Нұрислам (бала күнінен мүгедек), Жусипова Дильназ (бала күнінен мүгедек), Жұмабаева Ианят (бала күнінен мүгедек), ІІ-топ мүгедегі Сейітсұлтанқызы Айданаға компьютерлік техника сатып алу, «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасы бойынша жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастарға 17 тоңазытқыш сатып алуға көмек көрсету; Қызылорда облысы Шиелі ауданы Тартоғай елді мекенінің тұсында 2014 жылдың 7 мамыр күні орын алған жол көлік оқиғасы салдарынан қаза болған және ауруханаға түскен азаматтардың отбасыларына қайырымдылық көмек көрсету; «1 маусым – балаларды қорғау күні» мерекесіне орай жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үйінің тәрбиеленушілеріне мерекелік сыйлық алуға қайырымдылық көрсету / **Барлығы: 30 367 164 теңге**
Демеушілік, мейірімділік көмек көрсету қызметтерін жүргізу	
1	Дүниеге үшем әкелген Шохашова Лаура, Қайратқызы Нұргүл, Ембергенова Кенжегүл және Әмзеева Айгерімге автокөлік сатып алуға қолдау көрсету
2	Облыс ардагерлері мен белсенділерін марапаттауға қолдау көрсету
3	Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай «Облыс Әкімінің стипендиясы – 2014» жобасына қолдау көрсету
4	«Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының №7552 әскери бөлімінің әскери қызметшісі Мүбәрәков Нұрасылды ерлігі үшін марапаттауға қолдау көрсету
5	«Мектепке жол» акциясын ұйымдастыруға қолдау көрсету
6	Зейнолла Шүкіровтың тарихи «Сыр бойы» романының І, ІІ томын баспадан шығару
7	Тасбөгет кенті бойынша 38 кемтар балаларға арналған қайырымдылық-ертеңгілік акциясын өткізуге қолдау көрсету
8	Ақжарма ауылдық округі бойынша 11 мүгедек балаларға арналған қайырымдылық акциясын өткізуге қолдау көрсету
9	Социалисттік Еңбек Ері Қазанбаева Шырынкүлге демеушілік көмек көрсету
10	«Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған балалар үйі» тәрбиеленушілеріне сыйлықтар мен ойыншықтар алуға қолдау көрсету
11	Жергілікті БАҚ өкілдерінің Баку қаласына жұмыс сапарына баруына қолдау көрсету
12	Қызылорда облысы бойынша 54 ҰОС ардагерлеріне Жаңа жылдық сыйлықтар алуға қолдау көрсету
	Барлығы: 48 630 988 теңге
Мәдениет, білім, өнер және әлеуметтік сала, спорт және спорттық инфрақұрылым, құқық қорғау салаларының материалдық-техникалық базаларына қолдау көрсету	
1	Құқық қорғау, фискалдық органдардың және басқа да әлеуметтік маңызы бар құрылымдардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға қолдау көрсету
2	«Қызылорда облысы Азаматтық Альянсы» Қауымдастығы, баспасөз қызметтерінің және ҮЕҰ-дардың қызметтерін дамытуға қолдау көрсету
3	Бастауыш оқушыларына арналған 4 000 дана кітап сатып алуға қолдау көрсету
4	Жазғы тынығу лагерлеріне ойын инвентарын алуға қолдау көрсету
5	Қызылорда облысының 11 этномәдени орталықтарына ұлттық киім тіктіруге қолдау көрсету
	Барлығы: 138 223 910 теңге
Аймақтың қоғамдық маңызды және мәдени-бұқаралық іс-шараларын ұйымдастыруға қолдау көрсету	
1	Қызылорда облысында 13-15 маусым аралығында Республикалық БАҚ-ы өкілдерімен пресс-тур өткізуді ұйымдастыруға қолдау көрсету
2	Қызылорда қаласында ІІ «Байқоңыр» инвестициялық Форумын өткізуге қолдау көрсету
3	Наурыз мерекесіне орай Қызылорда қаласындағы мерекелік іс-шаралар ұйымдастыруға (ұлттық спорт түрлерінен (қазақ күресі, қол күресі, гір көтеру, қол өнер) жарыстар, флеш-моб акциясы, сахна сатып алу) қолдау көрсету
4	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 69 жылдығына орай Қызылорда қаласы бойынша 38 ҰОС қатысушылары мен мүгедектеріне қолдау көрсету және мерекелік іс-шаралар ұйымдастыру
5	Қазақ ССР халық әртісі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, Мемлекетаралық сыйлығының лауреаты Бибігүл Төлегенованың 85 жылдығына орай Қызылорда қаласында өткізілген шығармашылық концертін ұйымдастыруға қолдау көрсету
6	«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, сазгер Рамазан Таймановтың 60 жылдық мерейтойына байланысты бейнеклипін дайындау және түсіруге қолдау көрсету
7	«Сыр елінің сот билігі 75 жыл», «Кемел кезең» және Әбсаттар Оспановтың 3 томдық «Наркескен» атты кітабын басып шығару және тұсаукесерін ұйымдастыруға қолдау көрсету
8	Медицина қызметкерлерінің күніне орай өткізілген «Кәсібінің үздігі» байқауының жеңімпаздарын қаржылай сыйақымен марапаттауға қолдау көрсету (15 жеңімпаз)
9	«Қанатты қалам – 2014» облыстық фестивалінің қорытындысы бойынша 20 номинация иегерлерін марапаттауға қолдау көрсету (20 журналист)
10	Сыртқы экономикалық және гуманитарлық ынтымақтастықтың дамуына қолдау көрсету
11	Қызылорда облысынан 5 делегаттың Алматы қаласында өткізілген Халықаралық антиядролық қозғалысқа 25 жыл толуына орай ұйымдастырған республикалық конференцияға қатысуына қолдау көрсету
12	Алматы қаласында өткен «Театр Көктемі» республикалық театрлар фестивалінде «Н.Бекежанов атындағы Қазақ музыкалық драма театры» ұжымының қатысуына қолдау көрсету
13	Астана қаласында өткізілген Қызылорда облысының ауған соғысы ардагерлерінің халықаралық «Біз-интернационалистер» атты акциясына қатысуына қолдау көрсету
14	Астана қаласында өткізілген «Қызылорда облысы бойынша Ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің аудандық төрағаларының «Республикалық Ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің IV Орталық Кеңес пленумына қатысуына қолдау көрсету
15	«Сағыныш бейне, мәңгілік ғұмыр» атты облыстық өнер байқауын ұйымдастыруға қолдау көрсету
16	Астана қаласында қткізілген «І Әскери-патриоттық форумға Қызылорда облысынан делегацияның қатысуына» қолдау көрсету
17	«Ұстаздар мерекесі» іс-шарасын ұйымдастыруға қолдау көрсету
18	«Алтын күз» салтанатты іс-шарасын өткізуге қолдау көрсету
19	Астана қаласында өткізілген Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесін ұйымдастыруға және өткізуге қолдау көрсету
20	Тұрмағанбет халық аспаптар оркестрінің әншісі, Халықаралық, Республикалық конкурстардың лауреаты С.Байсейтованың ән кешін ұйымдастыруға қолдау көрсету
21	Қазақстан Республикасының халық әртісі Сабира Майқановаңың 100 жылдық мерейтойын өткізуге қолдау көрсету
22	«Туған жерге тағзым» І облыстық жастар патриоттық форумын өткізуге қолдау көрсету
23	Қызылорда, Байқоңыр қалалары мен аудандарының мәдениеті мен өнер күндеріне арналған сайыстың жеңімпаздарын марапаттау және тағы басқа мерекелік шаралар ұйымдастыруға қолдау көрсету
24	Қызылорда облысының ардагерлерінің қатысуымен облыстық «Қайран ерлер, қаһарман ардагерлер» атты фестиваль ұйымдастыруға қолдау көрсету
	Барлығы: 111 794 857 теңге
	ЖИЫНТЫҒЫ: 1 281 257 423 теңге

БІЗДІҢ ӘРІПТЕСТЕР:

1. «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ.
2. «Қазгермұнай» БК» ЖШС.
3. «Торғай-Петролеум» АҚ.
4. «СНПС-Ай Дан Мұнай» ЖШС.
5. «Құмкөл Транс Сервис» ЖШС.
6. «KAZPETROL GROUP» ЖШС.
7. «Арал Мұнай» ЖШС.
8. «Универ Строй» ЖШС.
9. «Фрак Джет» ЖШС.
10. «ИБК СИБУ-Қызылорда» ЖШС.
11. «Қызылорда кірпіш зауыты» ЖШС.
12. «Сырдария Нефтесервис» ЖШС.
13. «КНЛК Интернационал Казахстан Инк» ЖШС ҚФ.
14. «Механизатор» ЖШС.
15. «Сәт-Сервис» ЖШС.
16. «Престол» ЖШС.
17. «НТ и ИК Хайлон» ЖШС.
18. «Темірбанк» АҚ.

● ТАНЫМ

ҚАСИЕТТІ ЖЕРДЕН КЕЛГЕН СЫЙЛЫҚ

Еліміз егемендік алған жылдардағы қиындық тез ұмытылды. Бірақ елде бір рухани еркіндік пайда болғанын екінің бірі әлі күнге айтады. Рамазан айында ораза тұтып, ауыз бекіткендерді құрметтейтінбіз, кезекпен дәмге шақырып, «ауызашар» беру үрдіске айналып кеткен еді. Бір жолы ораза айында ауыз аштыруға мүмкіндігім болмады да, ораза біткен күні айттың шайына шақырдым. Алыс тұратын туыстарым, жақын тұратын ауыз бекіткен көршілерім жиналды. Шай мен үлкен тамақтың арасында үлестіретін айттығымды көрсеткелі Ұлжан жеңгемді оңаша шақырдым. Бұл бір ерекше жақсы көретін нағашы жеңгем болатын.

– Әй қыз, осы жолғы айттық менен болсын, мынау бір қасиетті жерден келген сыйлық, – деп қолыма үлкен пакетті ұстатты. Сөзі сондай әсерлі болды да, баяғы кеңестік дәуірдегі газеттен оқыған «Мәскеуден әкелінген сыйлық» деген мақала есіме түсті.

Мақалада жас шопанның Мәскеудегі комсомол съезіне қатысқаны, оның сондай құрметке лайық еңбек озаты екені, съездер сарайында алдыңғы қатарда отырып барлық айтылған сөздерді көкірегіне түйіп, қайтарында бір бума кітапты өзі оқыған мектепке ала келгені жазылған. Оқушылармен кездесу өткізіп, алған әсерлерін айтып, әкелген кітаптарын мектеп кітапханасына тапсырады. Осының барлығы сол кездегі жас лениншілдерге үлгі, қызығып оқитын мақала болатын. Қызыққаным сондай, сол мақаланы мен де қырқып алып сақтап қойғанмын.

Сондай бір жылы сезіммен пакетті ашып қарасам жеті әдемі жайнамаз. Көркіне көз тоймайтын затты ұстап тұрып, бұрын ешнәрсе көрмегендей әсерде болдым. Әйтпесе нағашыларымнан көрген құрметім бір ғана бұл емес қой. Апаларынан қалған жалғыз жұрағат болғандықтан тойларында тон да киемін, мерекелік басқосуларында тарту-таралғыдан кенде болған емеспін. Бірақ дәл бүгінгі мынау сыйлық менің мерекелі дастарханымның мерейін арттырып, «айттық» деген ұғымның қандай екенін түсіндіретін тарту болды. Риза болғаным сонша «мұндай айттықты саған қайтара алсам болар еді» дедім күмәнмен. «Қайтармай-ақ қой, бұның сауабы бәрімізге де жетеді, қонағыңа жеткенінше үлестір» деді. Өзімше іштей ойластырып, қадіріне жетіп, күтіп ұстайды-ау деген кісілерге тараттым, қалғандарына өз айттығымды үлестірдім. Күнделікті дастарханыңнан нан кетпесін, бәрі тұрсын деген ниетпен нан салғыш, алма салғыш, конфет салғыш... ылғи салғыштар алған екенмін. Бұл сыйлықтар, әрине, Ұлжанның сыйлығының жанында түк болмай қалды. Осындай жеңгемнің барына, мені соншалықты көтеріп тастағанына мақтанып-ақ қалдым.

Қонақтарым жайнап тұрған жайнамаздарын құшақтап, Меккеге барып қайтқандай қуанып, риза болып тарады. Қазір бір жұмыспен көшеге шықсам Ұлжанның сыйлығын берген үйлерді дәл бір бұрышында жазулы тұрғандай, шатастырмай қарап өтемін. Үйінің төрінде сол жайнамаз желбіреп ілулі тұр-ау деп ойлаймын. Маған үнемі қамқор болып, қастерлеп өткен Ұлжан жеңгемді сағынышпен еске аламын. Оның өмірден озғанына да екі жыл болып қалды. Намаз уақыты болғанда жұртпен бірге мен де жайнамазымды төгілдіре сілкіп жіберіп жайып, үстіне жайғасамын. Жұрттың бәрі менің жайнамазыма қарайды, қызығады. «Осындай затты қайдан алаcыз осы» - дейтіндер де табылады. Ол бір қасиетті жерден келген сыйлық деймін.

Адамдар бірін-бірі жанындай жақсы көрсе ерін емеурінінен-ақ таниды, айтқызбай-ақ түсінеді деген осы шығар. Осы бір естелігім арқылы «айттық» жайнамаздарда оқылған намаздың сауабы самал лебіндей болып өзіңе жетсін Ұлжан, жайың жайлы болып, пейіште нұрың шалқысын деп тілеймін.

Патима РАХМАНҚҰЛОВА,
зейнеткер.
Аманкелді ауылы.

2015 ЖЫЛДЫҢ 18 МАМЫРДАҒЫ МҮЛІКТІ ЖАРИЯ ЕТУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Аудан	Келіп түскен өтініштер саны	Орны
Қызылорда қаласы	284	1
Қармақшы ауданы	54	2
Жаңақорған ауданы	39	3
Шиелі ауданы	20	4
Жалағаш ауданы	18	5
Қазалы ауданы	14	6
Сырдария ауданы	**11**	**7**
Арал қаласы	**11**	**7**
Арал ауданы	**6**	**8**
Қазалы қаласы	**1**	**9**

«Туған жерге тағзым» жасалады

Қазақ хандығының 550 жылдығына орай Жаңақорған ауданының әкімі Руслан Рүстемовтің бастамасымен тарихи-мәдени жоба қолға алынды. Елімізге танымал режиссер, жерлесіміз Қалила Омаровтың жетекшілік етуімен «Туған жерге тағзым» атты кинофильм өз жұмысын бастады.

Аудан әкімдігі баспасөз қызметінің хабарлауынша, ауданға қарасты тарихи-мәдени, рухани ескерткіштер мен көне қалалар орны таспаға басылуда. Жобаға діни-рухани, ғылыми тұрғыдан философия және теология ғылымдарының докторы, профессор Досай Кенжетай жетекшілік етіп, пайымды пікірін білдіруде.

Бүгінге дейін сыр жағасындағы Төлегетай, Қылышты ата, Қылауыз ата, Хорасан ата, Бақсайыс кесенесі, Қыр Өзгент, Үш ата, Ақтас мешіті мен Айқожа ишан кесенесі, Сауран, Сығанақ қалалары мен тағы бірқатар мәдени-рухани орындарын таспаға басылып үлгерді.

Нұртай БЕРДӘЗІМ,
№223 мектептің оқушысы.
Жаңақорған ауданы.

АЗАМАТТАРҒА РИЗАМЫН

Биыл ел болып Ұлы Жеңістің 70 жылдығын атап өттік. Бұл мен үшін де ерекше жағдай. Өйткені мен соғыс ардагерімін. 1942 жылы соғысқа алынып, 1947 жылы елге оралдым. Елге келген соң қызметке араластым. Соғыс ардагері ретінде құрметке бөленіп келемін. Әсіресе, өзім еңбек еткен ұжымның қамқорлығын ерекше атағым келеді. Облыстық су шаруашылығы басқармасы жәрдемдерін аяған емес. Қорамды қоршап, жеміс ағаштарын отырғызды, үйімнің терезелерін ауыстырып, дарбазамды жаңартты. Қандай көмек керек болса, соның бәріне атсалысты. Осы орайда аталған басқарма басшысы Болат Арыстанбаевқа, Қызылорда су шаруашылығы өндірістік учаскесінің басшысы Жорабек Нұрымбетовке Ұлы Отан Соғысының ардагері ретінде өзімнің сүйікті басылымым «Сыр бойы» газеті арқылы алғысымды айтамын.

Жұбандық НҰРАЛИЕВ,
Қызылорда қаласының тұрғыны.

ТОКҚА ТҮСІП, ТІЛІ ШЫҚТЫ

Редакциямыздың солтүстік аудандағы қосынына кент тұрғыны Әсем Сәрсенбаева есімді оқырманымыз хабарласты. Тосын жайды бастан кешкен Әсемнің әңгімесі бізді де бей-жай қалдырмады. Алланың құдіретіне қайран қалып, дәрігерлердің біліктілігіне, қарапайым жандардың адамгершілігіне сүйсіндік. Әрі «Перзентімнің табанына батқан тікен, маңдайыма кірсін» деп тілейтін әке-ананың жанын ұғынып, өтінішін орындауға тырыстық.

Сонымен... Жуырда Әсем мен Нұғыманның отбасында төмендегідей оқиға орын алыпты. Мамырдың 7-сі күні ерлі-зайыптылар тығыз шаруамен бір жерге кетсе керек. Ал арасында үш жасар Нұриман да бар балалар далада асыр сала ойнап жүріпті. Кенет... кішкентай Нұриман шар ете түсіп шалқасынан құлапты. Кейін белгілі болғандай бала аула сыртындағы үзілген электр желісін басып кетіпті. Анасының айтуынша, сол қолынан өткен ток арқасынан, жауырынынан бірнеше жерден тесіп өтеді. Есcіз жатқан сәбиді көшеден жеңіл көлігімен кездейсоқ өтіп бара жатқан Бауыржан Балымов пен Нұғыманның көршісі Талғат Құлымов байқап қалыпты. Дереу жәрдемге ұмтылған жайсаң жандар алғашқы дәрігерлік көмек жасайды. Нұриманды құмға көміп, тілін тартып, жасанды дем салады. Жедел жәрдем шақырады. Жедел жәрдем көлігі де кідіріссіз жетіпті. Талғат аудандық ауруханаға өзі ілесе барып дәрігерлерге табыстапты.

Жансақтау бөліміне түскен Нұриманның өмірі үшін ақжелеңділер барын салыпты. Өмір мен өлім белдескенде жоғары санатты дәрігер-реаниматолог Тәңірберген Қуанышов асқан біліктілік танытты. Оның кәсіби сауаттылығы өз жемісін берді. Сәби туралап келген ажалдан аман қалды. Қазір ахуалы тұрақтанды. Ең қызығы, бұған дейін сөйлемейтін Нұриман сол қорқынышты оқиғадан соң мүдірмей сөйлеп кетіпті. Бұған оның әке-анасы да, дәрігер де аң-таң. Баласының келешегіне алаңдаған анасы кезінде невропологтың көмегіне де жүгінген екен. Енді бұл мәселе реттеліпті.

– Мен Нұриман есін жиған соң сіздерді сұрап, жылады дегенімде ата-анасы нанарнанбасын білмеді – дейді жоғары санатты дәрігер Тәңірберген Қуанышов.

Әрине, электр желісіне ойын баласы қалайша тап болды, оған кім жауапты деген сауалдардың жауабын тиісті орындар анықтай жатар. Біз тек Әсемнің дәрігерлерге, жоғарыда аттары аталған азаматтарға арналған ризашылығын жеткіздік. Бастысы мұндай жайт алдағы уақытта қайталанбауын тіледік.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.

Бала арманын ұштаған байқау

Арал ауданында «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы жүзеге асыратын «Бақытты балалық» жобасының аясында өнер фестивалі өткізілді. Онда мүмкіндігі шектеулі отыздан астам аралдық балалар өздерінің шығармашылық қабілеттерін көрсетті.

Аталмыш фестивальді өткізуге «Нұр Отан» партиясының аудандық Халыққа қызмет көрсету орталығындағы бастауыш ұйымы және білім бөліміне қарасты педагогикалық-психологиялық түзету кабинеті ұйытқы болды.

– Арал ауданында шамамен 500-дей мүмкіндігі шектеулі бала тұрады, – дейді аудандық білім беру бөлімінің психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің меңгерушісі Жанна Ибрайымова. – Балалардың мүмкіндіктері шектеулі болғанымен, көңіл түкпіріндегі армандары мен тілектері шексіз. Біз бұл балаларға үнемі қолдау көрсетуге тырысамыз, атап айтқанда, шығармашылық фестивальдар өткіземіз. Біздің бастамамызға үн қосып, көмек қолын созған, балаларға жүрек жылуын сыйлаған жандарға алғыс айтамыз.

Фестиваль барысында балғындар мың бұрала би билеп, музыкалық аспаптар тартып, әйнекке құмнан суреттер салып, әуезді әндерді нақышына келтіре шырқады. Жеткіншектер сахнада өнердің әлеміне еніп, өздерінің рухани, танымдық, шығармашылық жағынан мүмкіндіктерінің зор екендігін көрсетті.

Шара барысында сөз алған «ПҚҚР» АҚ компаниясының менеджері Хұсейін Сәрсембаев фестивальдің жоғары деңгейде ұйымдастырылғандығын атап өтті. Фестивальдің өткізілу деңгейіне жас өнерпаздарының ата-аналары да риза болды.

– Ата-аналардың атынан осы жобаның ұйымдастырушыларына науқас балаларға қамқорлықтары үшін алғыс айтамын, – дейді ата-ана Күлайша Сүлейменова. – Балалардың көңілдері көтеріліп, жандары жадыраса, олардың сахнада бар ынта-шынтымен өнер көрсеткендерін көріп отырып, үлкендердің көзіне жас ұялады. Барлығына көрсеткен қолдаулары үшін ризашылығымыз шексіз.

Шараға арнайы келген мұнай компаниясының өкілдері балаларды құттықтап, барлық қатысушыларға «Көлжан» мұнай компаниясы тағайындаған бағалы сыйлықтарды тапсырды.

Әсет ЖАЙЛАУБАЙ.
Суретті түсірген **Андрей ТАЙГУНОВ.**

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

«Жаңақорған ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120300, Қызылорда облысы, Жаңақорған кенті, М. Көкенов көшесі №37 үй, анықтама үшін телефондары 22-4-18, факс 22-4-29 электрондық почта org_acim@mail.ru, «Б» корпусы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс жариялайды:

1. Аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру – бақылау бөлімінің бас маманы (санаты Е – 4, индексі № 01-3-5) – 1 бірлік. Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 59578 теңгеден 80719 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері: Аудан әкімінің идеология жөніндегі орынбасарының: ішкі және тілдер жөніндегі саясат, ұлтаралық келісім; әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту; мәдениет және ғылым; әлеуметтік шиеленіс орын алуын және діни экстремизмнің алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа және қылмысқа қарсы күрес, құқық бұзушылықты алдын алу, нашақорлық пен зорлық-зомбылыққа және маскүнемдік пен алкоголизмге қарсы күрес; аудандағы мектепке дейінгі, жалпы орта және қосымша білім беру; денсаулық сақтау және салауатты өмір салтын насихаттау; әскери міндеттілік пен әскери қызмет; дене шынықтыру және спорт; ономастика және әкімшілік-аумақтық құрылысы; жастар ісі және балаларды қорғау, отбасы және гендерлік саясат жөніндегі мәселелер бойынша қызметін ақпараттық-талдау және ұйымдастыру-құқықтық қамтамасыз етеді. Жетекшілік жасайтын мәселелер бойынша тиісті комиссиялардың, жұмысшы топтардың қызметін үйлестіреді және әртүрлі іс-шаралардың әзірленуі мен өткізілуін ұйымдастырады.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар: Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес немесе гуманитарлық ғылымдар немесе білім немесе құқық мамандықтары бойынша жоғары білім.

Жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі қызмет көрсету, экономика және басқару немесе білім беру немесе құқық мамандықтары бойынша білімі барларға рұқсат етіледі.

2. Жаңақорған аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы (санаты E-R –1, индексі №06-0-1) – 1 бірлік. Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 109 548 теңгеден 147 986 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері: Бөлім жұмысына жалпы басшылық жасау, ауданның тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы мекемелері мен ұйымдарының қызметтеріне мемлекеттік реттеу жүргізу, төтенше жағдайлар жөніндегі, ауыз сумен қамтамасыз ету, тұрғын үй, газ-энергетикалық ресурстар мәселелері мен жолаушылар көлігі, автомобиль жолдарын пайдалану жұмысын үйлестіру, тиісті аумақ шегінде аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланатын автомобиль жолдарын, елді мекендердегі көшелерді дамыту жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру, ҚР заңдарына сәйкес аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланатын автомобиль жолдарын, елді мекендердің көшелерін салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп ұстау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру, аудандық қалалық маңыздағы жолдарды қалыпты жағдайда күтіп ұстау мақсатында ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу жұмыстары барысына және жол белгілерінің мемлекеттік стандартқа сай жарақталуын қадағалау, коммуналдық объектілердің, жол құрылыстарының жобаларын іске асыруда салу тәртібіне, құрылыс құжаттарына, бекітілген жобаға сәйкес орындалуына және обьектілердің мақсатты пайдалануын қадағалап, бақылау орнату.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:

Жоғары техникалық немесе экономикалық білім.

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі үш жылдан кем емес;

2) жоғары немесе жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтаған жағдайда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

3) ғылыми дәрежесінің болуы;

4) мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдарда жұмыс өтілі бір жылдан кем емес;

5) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес, оның ішінде басшылық лауазымдарда бір жылдан кем емес.

3. Жаңақорған аудандық жер қатынастары бөлімінің бас маманы (санаты E-R-4, индексі №011-0-2) - 1 бірлік. Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 56376 теңгеден 76235 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері: Жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға жерге құқығын куәландыратын құжаттарын рәсімдеп беру жұмыстарын жүргізу. Аудан аумағындағы елді мекендер жерлерінде орналасқан мемлекеттік меншіктегі жер учаскелеріне сауда-саттыққа (конкурстарда, аукциондарда) сатуға ұсынылатын жер учаскелерінің тізімін белгілеу. Жергілікті атқарушы органдарының жер учаскелерін беру, олардың нысаналы мақсатын өзгерту жөніндегі ұсыныстары мен шешім жобаларын дайындау. Жерге орналастыру жобаларын бекіту, жер учаскелерінің бөлінетіндігі мен бөлінбейтіндігі туралы, жер учаскелерінің кескін үйлесімін бекіту, жер учаскесін иесіз мүлік ретінде есепке алу, жер учаскелерінің кадастрлық номерін өзгерту туралы бұйрықтардың жобаларын дайындау. Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару жөнінде ұсыныстар дайындау. Бөлім бастығы мен бөлімнің жетекші маманы еңбек демалысы мен іс-сапарларға кеткенде уақытша міндетін атқару. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау, мекемелерден келіп түскен хаттар мен шағымдарды, бақылаудағы құжаттарды тексеріп, мерзімінде сапалы орындалуын қамтамасыз ету, №ОЛ-1 нысанды статистикалық есебін беру.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар: Жоғары техникалық немесе заңгерлік немесе экономикалық білім. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі болған жағдайда ортадан кейінгі техникалық немесе заңгерлік немесе экономикалық білімі барларға рұқсат етіледі.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

1) нысанға сәйкес өтініш;

2) 3х4 үлгідегі суретпен нысанға сәйкес толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариатты куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді. Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады. Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекен-жайына электронды түрде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірілмей береді. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Кызылординские вести» және «Сыр бойы») соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде «Жаңақорған ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120300, Жаңақорған кенті, М.Көкенов көшесі, 37 үй, № 302 кабинетте қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурс комиссиясы шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әңгімелесу өткізу күні туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әңгімелесу «Жаңақорған ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде (Жаңақорған кенті М.Көкенов көшес, 37 үй) әңгімелесуге шақырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттік органның басшысымен (жауапты хатшы) конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

E-R-1 - санаты үшін тестілеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының конституциялық заңы; «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

E-4, E-R-4 - санаттары үшін тестілеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ); «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

«Жаңақорған ауданы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің конкурстық комиссиясы.

Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:
руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы:
Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған:
Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz
Газет аптасына 3 рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
"Сыр бойы" облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 "Сапа менеджменті жүйесі" талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. *"АҚ"-ақылы қызмет.
Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4
Газеттің таралымына "Қазпошта" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4
Таралымы 22804
Тапсырыс № 478
Электронды оқылым 28000.